

А. И. Рихтер, В. Л. Яковенко

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Жалпы білім беретін мектептің
11-сынып оқушыларына арналған

ОҚУЛЫҚ

*Екі бөлімді
2-бөлім*

**«ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ» БӨЛІМІ БОЙЫНША
ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН
ПРАКТИКУМ**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған



ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 68.4я72

P51

Рихтер А. И.

P51 Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушыларына арналған оқулық. Екі бөлімді. 2-бөлім. «Технологиялық дайындық» бөлімі бойынша жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикум / А.И. Рихтер, В.Л. Яковенко. – Көкшетау: Келешек-2030 баспасы, 2020. – 176 б.: ил.

ISBN 978-601-317-534-8

ISBN 978-601-317-536-2

Оқулықтың электрондық нұсқасы: http://keleshek-2030.kz/books/nvtp2_11kz.php

Оқулық-практикум Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) және жалпы орта білім беру деңгейінің «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының бөлімдеріне сай дайындалған.

Оқулық-практикумда ұсынылған материал Қағидалардың игерілген бөлімдерін тест және жағдаяттық тапсырмаларды орындау арқылы дәйекті түрде бекітуге болатындай баяндалған.

Иллюстрациялық материал тапсырмаларда қарастырылған жол жағдайларын жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу құралының соңында өзін-өзі тексеру үшін Қағидалардың тиісті тармақтары мен бөлімдеріне сілтеме жасалған дұрыс жауаптары берілген.

Оқулық-практикум жалпы білім беретін мектептердің 11-сынып оқушыларына, АӨТД оқытушы-ұйымдастырушыларына арналған, сонымен қатар басылымды жүргізуші куәлігін алуға құқық беретін теориялық емтиханға дайындық кезінде оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 68.4я72

ISBN 978-601-317-536-2

ISBN 978-601-317-534-8

© ИП Келешек-2030 баспасы, 2020

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
1-тақырып. Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері	6
Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері	6
Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны.....	7
2-тақырып. Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері	9
Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларында кездесетін негізгі ұғымдар мен терминдер	9
Жүргізуші, жаяу жүргінші және жолаушылардың міндеттері ...	12
3-тақырып. Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары	17
Бағдаршамның және реттеушінің сигналдары	17
Арнайы сигналдардың қолданылуы.....	19
Авариялық сигнал беру мен авариялық аялдау белгісін қолдану	21
Маневр жасау	23
Көлік құралдарының жолдың жүру бөлігінде орналасуы	34
4-тақырып. Жол белгілері	41
Ескерту белгілері	41
Басымдық белгілері.....	42
Тыйым салатын белгілер	43
Нұсқайтын белгілер	53
Ақпараттық-нұсқағыш белгілер	61
Сервис белгілері.....	62
Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар).....	67
5-тақырып. Жол таңбалары және олардың сипаттамалары ...	72
Жол таңбаларының жіктелісі. Көлденең және тік таңбалар талаптарына сәйкес жүргізушілердің іс-әрекеті	72
Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелер	77



МАЗМҰНЫ

6-тақырып. Қозғалыс жылдамдығы	81
Жүріс жылдамдығы	81
Басып озу, қарсы келіп жол айырысу.....	85
Аялдау және тоқтап тұру.....	91
Реттелетін жол қиылысынан өту	99
Реттелмейтін жол қиылысынан өту	109
Жаяу жүргіншілер өткелдері және маршруттық көлік құралдарының аялдамалары	120
7-тақырып. Өртүрлі жағдайдағы қозғалыс	126
Теміржол жолдары арқылы жүру	126
Автомагистральдарда жүру	130
Тұрғын аймақтарда жүру.....	132
Маршруттық көлік құралдарының басымдығы	132
Сыртқы жарық беру аспаптарын және дыбыстық сигналдарды пайдалану	133
8-тақырып. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау	140
Механикалық көлік құралдарын сүйрету	140
Көлік құралын жүргізуді үйрену.....	142
Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау	143
Велосипедтерді, мопедтерді, ат-арба көліктерін жүргізуге, сондай-ақ мал айдауға қойылатын қосымша талаптар.....	147
Жол-көлік оқиғалары кезінде алғашқы көмек көрсету	148
Жауаптар	157
Қосымшалар	165
Қолданылған әдебиеттер тізімі	174



КІРІСПЕ

Теориялық негізді бекітпей, көлік құралын басқару дағдыларын қалыптастыру, Жол жүрісі қағидалары бойынша білімін нақты жағдайларда қолдануды жүзеге асыру мүмкін емес. Осыған байланысты игерілген материалды бекіту, білім алушылардың дайындық деңгейін анықтау және бағалау үшін оқу үдерісіне практикум енгізу қажет.

11-сыныпқа арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» мектеп курсына жағдаяттық тапсырмаларды орындауға арналған практикум – оқулықтың «Технологиялық дайындық» бөлімінің ажырамас жалғасы. Практикумның жағдаяттық тапсырмаларында оқу бағдарламасының, Жол жүрісі қағидаларының және көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелердің барлық бөлімдері бойынша сұрақтар қарастырылған. Ұсынылған тапсырмалар жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері, жол-көлік оқиғаларында зардап шеккен адамдарға алғашқы көмек көрсету туралы білімді тексеруге мүмкіндік береді. Тапсырмаларға иллюстрациялық материалдар қоса берілген, бұл Жол жүрісі қағидаларын игеруді және түсінуді, өдеттегі жол қозғалысы жағдайында дұрыс шешім қабылдауды жылдамдатады.

Оқулық-практикум жастардың жол қауіпсіздігі саласындағы теориялық білімі мен практикалық машықтарының жеткіліксіздігі сынды басты мәселені шешуде ұтымды көмек көрсетуге арналған.

Практикумда Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидалары және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласының басқа да нормативтік актілерінен алынған материалдар қолданылған.

Ұсынылған материалдар 11-сынып оқушыларының автокөлік басқару құқығын беретін емтиханға сәтті дайындалып, тапсыруларына көмектесетіндігіне сеніміміз мол.

Авторлар



1-ТАҚЫРЫП. ДӨҢГЕЛЕКТІ МАШИНАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ**Тапсырмалар негізделген оқу сұрақтары:**

1. Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері
2. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны

Тапсырмалардың мазмұны:

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ҚР заңдарының негізгі ережелерін; көлік құралдарының санаттарын білуге;
- жол жүрісінің қауіпсіздігі саласындағы білімді меңгеру қажеттігін түсінуге көмектеседі.

Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері

1. Жол жүрісін басқару жөніндегі ұйымдастырушылық-құқықтық, нормативтік-әдістемелік, жобалау-ізвестіру, ұйымдастырушылық-техникалық, бақылау-қадағалау, өкімдік және басқа да іс-шаралар кешені:

1. Жол жүрісі қағидалары.
2. Жол қозғалысын ұйымдастыру.
3. Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңы.

2. Жол қозғалысы барысында нақ сол бағытта және нақ сол жылдамдықпен жүрісті жалғастыру жол-көлік оқиғасының туындау қаупін тудыратын ахуал:

1. Жүру үшін қауіптілік.
2. Өмірге төнген қауіп.
3. Көлік құралына төнген қауіп.

3. Қатысушыларының жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі:

1. Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңы.
2. Жол жүрісі қағидалары.
3. Жол жүрісі қауіпсіздігі.



Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны

4. Көлік құралының жолда жүруі кезінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өліміне, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға:

1. Авария.
2. Жол-көлік оқиғасы.
3. Қылмыстық құқықбұзушылық.

5. Көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында бекітілген қозғалысы:

1. Оң жақты.
2. Сол жақты.

6. Жол жүрісін ұйымдастыруда қажетті өзгерістер мен шектеулер белгіленген тәртіпте енгізіледі (артығын көрсетіңдер):

1. Жол полициясы қызметкерлерінің көмегімен.
2. Жол белгілерінің көмегімен.
3. Жол таңбалары арқылы.
4. Бағдаршамның және реттеушінің сигналдары арқылы.
5. Қозғалысты реттеуге уәкілетті адамдардың өкімдерімен.

Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны

7. Рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 кг-ға дейінгі тіркемесі бар жеңіл автомобильді жүргізу үшін қандай жүргізуші куәлігі қажет?

1. «Е» санатындағы көлік құралын басқару құқығын беретін куәлік.
2. «В» санатындағы көлік құралын басқару құқығын беретін куәлік.
3. «В» және «Е» санаттарындағы көлік құралдарын басқару құқығын беретін куәлік.

8. «В» санатындағы көлік құралын жүргізу құқығын беретін жүргізуші куәлігі:

1. Жеңіл автомобиль және мотоцикл жүргізуге рұқсат береді.
2. Тек жеңіл автомобиль жүргізуге рұқсат береді.
3. Рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 т аспайтын және жүргізушінің орнын есептемегенде, отыратын орындардың саны сегізден аспайтын автомобильді жүргізуге рұқсат береді.



ДӨҢГЕЛЕКТІ МАШИНАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

9. Механикалық көлік құралын сатып алғаннан кейін мемлекеттік есепке тіркеу мерзімі:

1. 5 тәулік.
2. 10 тәулік.
3. 3 тәулік.

10. Автокөліктің ішкі кеңістігінде жүргізуші отыратын және оның функцияларын орындау үшін жабдықталған бөлігі:

1. Кабина.
2. Жұмыс орны.
3. Автокөлік салоны.



**2-ТАҚЫРЫП. ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ
МІНДЕТТЕРІ****Тапсырмалар негізделген оқу сұрақтары:**

1. Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларында кездесетін негізгі ұғымдар мен терминдер
2. Жүргізуші, жаяу жүргінші және жолаушылардың міндеттері

Тапсырмалардың мазмұны:

- Жол жүрісі қағидаларында кездесетін негізгі ұғымдар мен терминдерді білуге, түсіндіруге;
- жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерін меңгеріп, күнделікті тәжірибеде қолдануға;
- көлік жүргізу бойынша практикалық сабаққа дайындық деңгейін анықтауға көмектеседі.

**Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларында
кездесетін негізгі ұғымдар мен терминдер****11. Маршруттық көлік құралдарына жатады:**

1. Автобустар, троллейбустар, трамвайлар мен такси.
2. Жол бойымен жолаушыларды тасымалдауға арналған және белгіленген аялдама пункттері (аялдамалары) бар, белгіленген маршрутпен қозғалатын жалпы пайдаланудағы көлік құралдары.
3. Жолаушыларды тасымалдайтын барлық көлік құралдары.

12. Мәжбүрлі аялдау:

1. Техникалық ақау немесе ол әкеле жатқан жүк тудырған қауіп, жүргізушінің (жолаушының) жай-күйі, жолда кедергі пайда болуына байланысты көлік қозғалысының тоқтатылуы.
2. Көлік құралының техникалық ақауы немесе тасымалданатын жүк тудыратын қауіптің салдарынан қозғалыстың тоқтатылуы.
3. Жүргізушінің (жолаушының) жай-күйіне немесе жолда кедергілердің пайда болуына байланысты көлік құралы қозғалысының тоқтатылуы.



ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

13. Жеткіліксіз көріну:

1. Жолдың қауіпті бұрылыстар мен жолдың бойлық қимасының дөңес құлдималарында 300 метрден кем көрінуі.
2. Тұман, жаңбыр, шаң, қар жауу және сол сияқты жағдайларда, сондай-ақ қара көлеңкеде жолдың 300 метрден кем көрінуі.
3. Түнгі уақытта жолдың 300 метрден кем көрінуі.

14. Аялдау:

1. Көлік құралының жүрісін бес минутқа дейін не, егер бұл жолаушыларды отырғызу немесе түсіру, көлік құралына жүк тиеу немесе түсіру үшін қажет болса, одан да көбірек уақытқа әдейі тоқтату.
2. Жол қозғалысын ұйымдастыруға байланысты көлік құралының қозғалысын тоқтату қажеттілігі.
3. Көлік қозғалысының әдейі тоқтатылуы.

15. Жүруге кедергі:

1. Жолдағы қозғалысқа кедергі келтіретін, жолақ бойымен жүруге мүмкіндік бермейтін, осы жолақтағы қозғалмайтын нысан.
2. Жолдың жүру бөлігіне барынша жақын көлік құралы немесе жаяу жүргіншілер.
3. Жүргізушіге көлік құралын толық тоқтауға дейін жылдамдықты төмендетуге мәжбүр ететін кез келген жолда тұрған материалдық нысан.

16. Жол-көлік оқиғасы:

1. Көлік құралының қозғалысы кезінде орын алған, адам шығыны мен материалдық залал келтірген оқиға.
2. Көлік құралының жолдағы қозғалысы кезінде және оның қатысуымен туындайтын, адамдар қаза тапқан немесе жарақат алған, көлік құралдары, ғимараттар, жүктер бүлінген, не өзге де материалдық зиян келтірілген оқиға.
3. Адамдардың қаза табуы, жарақаттануы мен құнды материалдық шығындар орын алған оқиға.

17. Теміржол өтпесінің шекарасы:

1. Ең жақын рельстен 10 м қашықтық шамасында ойша сызықпен шектелген аймақ.
2. Бағдаршам немесе шлагбаум орнатылып шектелген жер.
3. 1.1 «Шлагбаумы бар теміржол өтпесі» немесе 1.2 «Шлагбаумы жоқ теміржол өтпесі» белгісі орнатылып шектелген аймақ.



18. Жол қозғалысының қатысушысы:

1. Механикалық көлік құралын басқаратын адам.
2. Жол жүрісі үдерісіне жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші ретінде тікелей қатысқан тұлға.
3. Жолда жүрген кез келген тұлға.

19. Рұқсат етілген ең жоғарғы масса:

1. Тасымалдауға рұқсат етілетін ең жоғары жүк массасы.
2. Жарақталған көлік құралының жүксіз массасы.
3. Жасаушы-кәсіпорын көлік құралының ең жоғарғы рұқсат етілген массасы ретінде белгілеген тиелген жүк, жүргізуші және жолаушыларымен қоса алғандағы массасы.

20. Жол беру:

1. Басқа қозғалыс қатысушыларын өткізіп жіберу үшін жүргізушінің көлік құралын тоқтатуын білдіреді.
2. Жол жүрісіне қатысушы, егер бұл оған қатысты артықшылыққа ие басқа қатысушылардың жүру бағытын немесе жылдамдығын өзгертуге мәжбүр етуі мүмкін болса, жүруді бастамайтынын немесе қозғалысты жалғастырмайтынын, қандай да болмасын маневрді жүзеге асырмайтынын білдіреді.
3. Жүргізуші «Аялдамай жүруге тыйым салынады» белгісі болған жағдайда ғана тоқтауы керектігін білдіреді.

21. Жол жүрісі қауіпсіздігі:

1. Қатысушыларының жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі.
2. Көлік және жаяу жүргіншілер ағынының қауіпсіздігін және жеткілікті жылдамдығын қамтамасыз ететін инженерлік және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешені.
3. Жол-көлік оқиғаларының жалпы санын және олардың салдарының ауырлығын төмендетуді қамтамасыз ететін іс-шаралар.

22. Жол жүрісі:

1. Жүріп келе жатқан және тоқтап тұрған жаяу жүргіншілер мен әртүрлі механикалық көлік құралдарының жиынтығын білдіретін динамикалық жүйе.



ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2. Жолдар шегінде адамдар мен жүктерді көлік құралдары арқылы немесе оларсыз тасымалдау үдерісінде туындайтын қоғамдық қатынастар жиынтығы.

3. Көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жеткілікті жылдамдығын қамтамасыз ететін инженерлік және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешені.

Жүргізуші, жаяу жүргінші және жолаушылардың міндеттері

23. Көлік жүргізушісі қандай тұлғалардың талабы бойынша жүргізуші куәлігін тексеру үшін көрсетуі керек?

1. Ішкі істер органдарының осыған уәкілетті лауазымды тұлғаларының.
2. Көліктік бақылау органдарының осыған уәкілетті лауазымды тұлғаларының.
3. 1 және 2-тармақтарда аталған тұлғалардың.

24. Кімге қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралында қозғалыс кезінде белдіктерді тақпауға рұқсат беріледі?

1. Көлік жүргізуді үйретуші тұлғаға көлік құралын үйренуші басқарып келе жатқан кезде.
2. Елді мекендерде, тұрғын аймақтарда жедел және арнайы қызметтер мен такси жүргізушілеріне, жолаушыларына.
3. Ешкімге рұқсат етілмейді.

25. Жол-көлік оқиғасы кезінде оған қатысы бар жүргізуші бірінші кезекте:

1. Оқиға орнын айналып өтуге мүмкіндік жасауы керек.
2. Көлік құралын орнынан қозғамауға, авариялық жарық сигналын қосуға және авариялық аялдау белгісін қоюға міндетті.
3. Оқиға орнын белгілеуге міндетті.

26. Көлік құралының жүргізушісіне қозғалып келе жатқан ұйымдасқан лекте орын алуға рұқсат етілген бе?

1. Егер жолда қозғалыс үшін екеуден артық жолақ болмаса, рұқсат етіледі.
2. Егер лекте қозғалып келе жатқан көлік құралдарының жылдамдығы 40 км/сағ-тан аспайтын болса, рұқсат етіледі.



3. Егер лекте қозғалып келе жатқан көлік құралдарының арасындағы қашықтық осы маневрді кедергілерсіз орындауға мүмкіндік берсе, рұқсат етіледі.

4. Тыйым салынған.

27. Мал айдап келе жатқан тұлға жүргізуші деп санала ма?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Иә, егер ол малды жолмен жүргізсе.

28. Жүргізушіге көлік құралын басқаруды басқа адамға беруге рұқсат етіле ме?

1. Тыйым салынған.
2. Осы санаттағы көлік құралын жүргізу құқығын беретін жүргізуші куәлігі бар адамға беруге рұқсат етіледі.
3. Кез келген санаттағы көлік құралын жүргізу құқығын беретін жүргізуші куәлігі бар адамға беруге рұқсат етіледі.

29. Жүргізуші тасымалданатын жүк құжаттарын өзімен бірге алып жүруге міндетті ме?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Иә, белгіленген жағдайларда.

30. Жолдың жүру бөлігінде ұйымдасқан лектердің қозғалысы жүзеге асырылады:

1. Тек көлік құралдары қозғалысының бағыты бойынша.
2. Тек көлік құралдары қозғалысының бағытына қарсы.
3. Көлік құралдары қозғалысының бағыты бойынша жолдың тек оң жағында.
4. Көлік құралдары қозғалысының бағыты бойынша жолдың тек сол жағында.

31. Отырғызу алаңдары болмаған жағдайда маршруттық көлік құралын және таксиді қай жерде күтуге рұқсат беріледі?

1. Жүру бөлігінің шетінде.
2. Тротуарда немесе жол жиегінде.
3. Тротуарда, жол жиегінде немесе жүру бөлігінің шетінде.



ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

32. Қозғалыс кезінде жолаушыларға жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Жол жүру ақысын төлеу үшін ғана рұқсат етіледі.

33. Тротуар болған жағдайда, үлкен арба сүйреген жаяу жүргіншінің жолдың жүру бөлігінің шетімен қозғалуына бола ма?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Иә, егер ол тротуармен қозғалғанда жаяу жүргіншілерге кедергі жасайтын болса.

34. Жолаушыларға отырғызу аялдарымен жабдықталмаған аялдамаларда көлік құралына отыру үшін жолдың жүру бөлігіне шығуға рұқсат етіледі, тек:

1. Ол жақындап қалғанда.
2. Ол тоқтағаннан кейін ғана.
3. Жолдың жүру бөлігінде көлік құралдары болмаса, ол жақындап қалғанда.

35. Жолдың жүру бөлігі жағындағы есіктен жолаушыларды отырғызуға және түсіруге рұқсат етіле ме?

1. Иә, егер бұл тротуар немесе жол жиегі жағынан мүмкін болмаса, қауіпсіз және қозғалыстың басқа қатысушыларына кедергі келтірмейтін жағдайда рұқсат етіледі.
2. Иә, жолаушыларды жүк автокөлігінің шанағында тасымалдау кезінде ғана рұқсат етіледі.
3. Жоқ.

36. Тұрғын аймақта жүріп келе жатқан көлік құралының жүргізушісі қауіпсіздік белдігін тағуға міндетті ме?

1. Міндетті.
2. Міндетті, егер көлік құралы қауіпсіздік белдігімен жабдықталса.
3. Міндетті емес.

37. Қай жағдайда жүргізуші қозғалыс бағытына қарамастан, медицина қызметкерлеріне көлік құралын беруге міндетті?

1. Медициналық көмек көрсету үшін.



2. Шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемесіне жеткізу үшін.

3. Аталған екі жағдайда да.

38. Жүргізуші ішкі істер қызметкерлеріне қандай жағдайларда көлік құралымен көмек беруге міндетті?

1. ЖКО кезінде зақымдалған көлік құралдарын тасымалдау үшін.

2. Табиғи апат орнына бару үшін.

3. Заңда көрсетілген қызметтік міндеттерді орындау барысында.

4. Барлық көрсетілген жағдайларда.

39. Қандай көлік құралдарының жүргізушілері ЖКО кезінде зақымдалған көлік құралдарын тасымалдау үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне өз көлігімен көмек беруге міндетті?

1. Барлық көлік құралдарының.

2. Қозғалу бағыты бағыттас болса, жүк автокөліктерінің.

3. Жүк автокөліктерінің.

40. Жол-көлік оқиғасы орын алып, салдарынан зардап шеккендер болмаса, жүргізушілерге қажетті құжаттарды ресімдеу үшін ішкі істер органдарының жақын бөлімшесіне баруына рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етіледі.

2. Болған жағдайды дұрыс бағалап, өзара келіскен жағдайда, алдын ала оқиғаның схемасын жасап және оған қол қойып, бекіткенде ғана рұқсат етіледі.

3. Жүргізушілер ішкі істер органдары қызметкерлерінің келуін күтуге міндетті болғандықтан, рұқсат етілмейді.

41. Көлік құралын басқару құқығы бар жүргізушіге иесі азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырмаған көлік құралын пайдалануға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.

2. Тыйым салынған.

3. Егер ол өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырса, рұқсат етіледі.



ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

42. Елді мекендерде жаяу жүргіншілер бөлу жолағы бар жолдың жүру бөлігін жаяу жүргіншілер өткелінен тыс жерде кесіп өте ала ма?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Иә, көріну аймағында жаяу жүргіншілер өткелі немесе жол қиылысы болмаған кезде.
4. Иә, жол қоршаулары болмаған кезде.

43. Көк жарқылдауық маяғы және арнайы дыбыс сигналы қосылған көлік құралы жақындаған кезде жаяу жүргінші:

1. Егер бағдаршамның рұқсат беретін белгісі қосылған болса, реттелетін жүргіншілер өткелінен жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге тиіс.
2. Реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелінен жолдың жүру бөлігін мүмкіндігінше тезірек кесіп өтуі керек.
3. Жолдың жүру бөлігінен өтпеуге, ал жолда болғанда осы көлік құралдарына жол беруге және жолдың жүру бөлігін босатуға тиіс.



3-ТАҚЫРЫП. БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ

Тапсырмалар негізделген оқу сұрақтары:

1. Бағдаршамның және реттеушінің сигналдары
2. Арнайы сигналдардың қолданылуы
3. Авариялық сигнал беру мен авариялық аялдау белгісін қолдану
4. Маневр жасау
5. Көлік құралдарының жолдың жүру бөлігінде орналасуы

Тапсырмалардың мазмұны:

- тақырып бойынша алған білімдеріңді тексеруге және бағалауға;
- авариялық аялдау белгісі мен авариялық сигнал беру жүйесін дұрыс қолдана білуге;
- жолда маневр жасау әдіс-тәсілдерін үйренудің маңызы мен қажеттігі туралы қорытынды жасауға;
- жол қозғалысының қауіпсіздігі саласында заманауи технологияларды қолдануды зерттеуге көмектеседі.

Бағдаршамның және реттеушінің сигналдары

44. Бағдаршамдардың сигналдары:

1. Дөңгелек, нұсқар (жебе), жаяу жүргіншінің кескіні және «Х» әрпі түрінде болуы мүмкін.
2. Дөңгелек, нұсқар (жебе), жаяу жүргіншінің немесе велосипедтің кескіні, «Х» әрпі түрінде және «+» таңбалы болуы мүмкін.
3. Дөңгелек, нұсқар (жебе), жаяу жүргіншінің, көлік құралының немесе велосипедтің кескіні және «Х» әрпі түрінде болуы мүмкін.

45. Бағдаршамның қызыл және сары сигналының үйлесімі:

1. Қозғалысты бастауға рұқсат береді.
2. Қозғалуға тыйым салады және алда жасыл сигналдың қосылатыны туралы хабарлайды.
3. Бағдаршамның ақаулығы туралы хабарлайды.

46. Бағдаршамның жыпылықтаған сары сигналы:

1. Бағдаршаммен реттелмейтін көше қиылысының немесе жаяу жүргінші өткелінің бар екенін хабарлайды, қауіптілік туралы ескертеді.
2. Бағдаршамның ақаулығы туралы хабарлайды.
3. Әрі қарай қозғалысқа тыйым салынғандығы туралы хабарлайды.



БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ

47. Бағдаршамның жыпылықтаған қызыл сигналы:

1. Аса сақтықпен қозғалуға рұқсат етеді.
2. Қозғалуға тыйым салады.
3. Сигналдың ауысуы туралы ескертеді.

48. Теміржол өтпесінде орналасқан дөңгелек, жыпылықтап тұратын ай түстес ақ сигнал:

1. Жүргізушіге жақын арада тыйым салу сигналы қосылатынын хабарлайды.
2. Өтпе арқылы өтуге тыйым салады.
3. Өтпе арқылы өтуге рұқсат береді.

49. Қызыл «+» таңбалы сигнал не туралы хабарлайды?

1. Қарсы бағыттағы көлік құралдары үшін бағдаршамның тыйым салатын қызыл сигналы қосылғандығы.
2. Қарсы бағыттағы көлік құралдары үшін бағдаршамның рұқсат беретін жасыл сигналы қосылғандығы.

50. Егер жол қиылысына жақын келгенде бағдаршамда жасыл сигналдан соң сары сигнал қосылса, онда жүргізушіге:

1. Егер ол тоқтай алмаса, шұғыл тежеуге жүгінбей одан әрі қозғалуына рұқсат етіледі.
2. Тежеудің кез келген тәсілдерін пайдалана отырып, қиылыс алдында қозғалысты тоқтату талап етіледі.
3. Жылдамдықты арттырып, жол қиылысынан мүмкіндігінше тезірек өту талап етіледі.

51. Егер реттеушінің өкімдері мен сигналдары бағдаршам сигналдарына, жол белгілерінің немесе таңбаларының талаптарына қайшы келсе, жүргізуші қайсысының талаптарын орындауы тиіс?

1. Жол белгілері немесе таңбаларының.
2. Бағдаршам сигналының.
3. Реттеушінің.

**52. Жол қозғалысына қатысушылардың қайсысы Қағиданы бұзды?**

1. Жаяу жүргіншілер.
2. Жеңіл автокөлік жүргізушісі.
3. Ешкім бұзған жоқ.



53. Жүргізуші жол полициясы қызметкерінің талап етуі бойынша көрсетілген жерде тоқтауға міндетті ме?

1. Иә, міндетті.
2. Жоқ, міндетті емес.



54. Көлік құралын тоқтату туралы талаптың берілу амалы:

1. Дауыс зорайтқыш құрылғымен.
2. Көлік құралына бағытталған қол қимылымен.
3. Дауыс зорайтқыш құрылғының көмегімен, қол қимылымен немесе көлік құралына бағытталған реттеуші таяқшамен (жезл).
4. Ысқырықпен.

55. Бұл жағдайда автокөлік жүргізушісі:

1. Оңға қозғалуы тиіс.
2. Солға қозғалуы тиіс.
3. Оңға немесе солға қозғалуы тиіс.
4. Қозғалуға тыйым салынады.



Арнайы сигналдардың қолданылуы

56. Көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маягы іске қосылған жедел және арнайы қызметтік көлік құралдарының жүргізушілері қандай жағдайларда басқа қозғалыс қатысушыларына қатысты басымдылықтарын пайдалана алады?

1. Егер олар бұл ретте Жол жүрісі қағидаларын бұзбаса.
2. Оларға жол бергеніне көз жеткізгеннен кейін.
3. Кез келген жағдайда.

57. Қандай көлік құралдарында қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маяк қосылуы тиіс?

1. Жолда құрылыс, жөндеу немесе жинау жұмыстарын орындап жүрген көліктерде.
2. Ауыр салмақты, ірі көлемді жүктерді тасымалдайтын көліктерде.
3. Ұйымдасқан көлік лектерін бағыттап жүретін көліктерде.
4. 1 және 2-тармақтарда көрсетілген көліктерде.



БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ

58. Сары түсті жарқылдауық маягы қосылған көлік құралының жүргізушісі жол жүру қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда жол таңбаларының талаптарын елемеге құқылы ма?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Иә, жолда құрылыс, жөндеу немесе жинау жұмыстарын орындау кезінде.

59. Жүргізуші елді мекенде тыйым салынған орында тоқтауға мәжбүр болды. Бұл жағдайда қандай амалдарды орындау Қағидаға қайшы келмейді?

1. Габариттік оттарды қосу және капотты ашу.
2. Жақын жарық фараларын қосу және жүксалғыштың қақпағын ашу.
3. Авариялық жарық сигналын қосу және көлік құралынан кемінде 15 м қашықтықта авариялық аялдау белгісін қою.
4. Авариялық жарық сигналын қосу және көлік құралынан кемінде 30 м қашықтықта авариялық аялдау белгісін қою.

60. Елді мекендерден тыс жерлерде авариялық аялдау белгісі көлік құралынан қандай қашықтықта қойылады?

1. Кемінде 10 м.
2. Кемінде 15 м.
3. Кемінде 20 м.
4. Кемінде 30 м.



61. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен жарқылдауық маягы қосылған автокөлік жүргізушісі қозғалысты қандай бағыттарда жалғастыра алады?

1. Оң бағытта.
2. Тура немесе оң бағытта.
3. Кез келген бағытта.



62. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен жарқылдауық маягы қосылған автокөлікке қозғалысын қандай бағыттарда жалғастыруға рұқсат етіледі?

1. Кез келген бағытта.
2. Тура немесе оң бағытта.
3. Кез келген, бірақ солға бұрылғанда мотоциклге жол беру керек.



63. Көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маяғы қосылған қарсы келе жатқан көлік құралы жақындаған осы жағдайда автокөлік жүргізушісі не істеуі керек?



1. Кез келген жолақта қозғалысты жалғастырады.
2. Тек шеткі оң жолақпен жүруді жалғастырады.
3. Оң жақта тротуар маңында тоқтайды.

64. Лекті бағыттап жүретін жедел қызметтің автокөлігі жақындаған кезде жүргізуші не істеуге міндетті?



1. Оң жақ жолаққа ауысып, жол беруге.
2. Тротуар маңында тоқтау және жедел қызмет автокөлігі өткеннен кейін бірден қозғалысын жалғастыруға.
3. Тротуар маңында тоқтау және лектің соңғы көлігі өткеннен кейін ғана қозғалысын жалғастыруға.

65. Көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маяғы қосылған тоқтап тұрған көлік құралына жақындағанда автокөлік жүргізушісі не істеуі керек?

1. Оған жетпестен, жүру бөлігінің шетіне келіп тоқтауы керек.
2. Назарын арттыра отырып, қозғалысты жалғастыруы керек.
3. Қажет болған жағдайда дереу тоқтату мүмкіндігі болу үшін жылдамдықты азайтуы керек.

66. Қозғалыс кезінде қосылған қызғылт сары түсті маяк басымдық бере ме?

1. Береді.
2. Бермейді.

Авариялық сигнал беру мен авариялық аялдау белгісін қолдану

67. Авариялық жарық сигналы:

1. Тоқтауға тыйым салынған жерлерде мәжбүрлі тоқтаған кезде қосылады.



БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ

2. Жол-көлік оқиғасы кезінде қосылады.
3. Жолдың жарықтандырылмаған учаскелерінде тоқтаған және аялдаған кезде немесе габариттік оттар ақаулы болып, көріну жеткіліксіз жағдайларда қосылады.
4. Барлық аталған жағдайларда қосылады.

68. Сүйрелетін механикалық көлік құралында авариялық сигнал:

1. Жеткіліксіз көріну жағдайында қосылуы тиіс.
2. Тәуліктің кез келген уақытында қосылуы тиіс.
3. Сүйрелетін көлік құралының басқару жүйесінде ақау болған кезде қосылуы тиіс.

69. Көрсетілген белгілердің қайсысы жолдың кемінде бір бағытында көріну жағдайы кем дегенде 100 м болатын жерлерде мәжбүрлі тоқтаған кезде автокөлікті белгілеу үшін қойылуы тиіс?



1. А.
2. В.
3. С.
4. А немесе С.
5. В немесе D.

70. Жолдың кемінде бір бағытында көріну жағдайы кем дегенде 100 м болатын жерлерде мәжбүрлі тоқтаған кезде автокөлікті белгілеу үшін жүргізуші не қоюы тиіс?

1. Авариялық аялдау белгісі.
2. Жыпылықтайтын қызыл фонарь.
3. Кез келген жақсы көрінетін зат.
4. Авариялық аялдау белгісі немесе жыпылықтайтын қызыл фонарь.

71. Авариялық аялдау белгісі көлік құралынан қандай қашықтықта қойылады?

1. Нақты жағдайда басқа жүргізушілерді қауіп туралы уақытылы ескертуді қамтамасыз ететін қашықтықта.
2. Көріну қашықтығында.
3. Тоқтау жолының ұзындығынан кем емес қашықтықта.
4. Төжеу жолының ұзындығынан кем емес қашықтықта.



72. Сүйрелетін механикалық көлік құралының авариялық сигналында ақауы болса, ол қалай белгіленуі тиіс?

1. Сигналдық жалаушалармен.
2. Авариялық аялдау белгісін артына бекіту арқылы.
3. Алдында ақ, артында қызыл фонарьлармен.

Маневр жасау

73. Жүргізуші маневрді орындау кезінде ескерту сигналын беруі тиіс:

1. Жолда қозғалыстың басқа қатысушылары болған кезде.
2. Егер оның көлік құралы бұрылыс жарық көрсеткіштерімен жабдықталған болса.
3. Қозғалысы қарқынды жолда.
4. Әрқашан.

74. Бұрылу немесе кері бұрылу қажет болса, ескерту сигналы қашан берілуі тиіс?

1. Тікелей маневр жасау алдында.
2. Маневрді орындау басталғаннан кейін бірден.
3. Маневрді орындауды бастаудан бұрын.

75. Артқа жүру сигналы:

1. Артқы жүріс шамдарын және авариялық сигналды қосу арқылы беріледі.
2. Артқы жүріс шамдарын қосу немесе қолын жоғары көтеру арқылы беріледі.
3. Артқы жүріс шамдарын қосу және дыбыстық сигнал беру арқылы беріледі.

76. Бұрылу туралы сигналды қолмен беру тоқтатылады:

1. Тікелей маневрді орындау алдында.
2. Маневр аяқталғаннан кейін дереу.
3. Маневрді орындау кезінде.

77. Маневрді орындаудың алдында жүргізуші сигнал бере алады:

1. Тиісті жарық көрсеткіші арқылы.
2. Қолмен.
3. Екі нұсқа да дұрыс.



БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ



78. Жүргізуші басты жолдың бағыты бойынша қозғалысын жалғастырған кезде солға бұрылу жарық көрсеткішін қосуға міндетті ме?

1. Міндетті.
2. Егер басқа бағыттардан көлік құралдары жақындаса, міндетті.
3. Ол басты жолдың бағыты бойынша қозғалатындықтан, міндетті емес.



79. Жүргізуші осы жағдайда оңға бұрылу жарық көрсеткішін қосуға міндетті ме?

1. Міндетті.
2. Артында келе жатқан көлік құралдары болған кезде міндетті.
3. Міндетті емес.



80. Жүргізуші осы жағдайда солға бұрылу жарық көрсеткішін қосуға міндетті ме?

1. Міндетті.
2. Міндетті, егер кері бұрылысты орындайтын болса.
3. Бұл жағдайда бұрылу жарық көрсеткішін қосу міндетті емес.



81. Аулаға кіретін жүргізушінің іс-әрекетінде Қағиданы бұзатын қателік бар ма?

1. Бар, өйткені «Тура жүру» белгісінің әрекет ету аймағында бұрылды.
2. Бар, өйткені бұрылу жарық көрсеткішін қоспай бұрылды.
3. Бар, өйткені екі қатені де жасады.



82. Осы жол қиылысына кірген кезде жүргізуші оңға бұрылу жарық көрсеткішін қосуға міндетті ме?

1. Міндетті.
2. Міндетті емес.



83. Осы жағдайда мотоцикл жүргізушісі жеңіл көлік жүргізушісіне жол беруге міндетті ме?

1. Міндетті.
2. Жеңіл автокөлік жүргізушісі үшін оң жақтан кедергі болғандықтан, міндетті емес.



84. Тежеу жолағы болған жағдайда бұрылғысы келетін жүргізуші:

1. Осы жолаққа дер кезінде ауысады және жылдамдықты тек сонда ғана төмендетеді.
2. Қозғалыс жылдамдығын төмендетеді және содан кейін ғана сол жолаққа ауысады.

85. Солға бұрылуды немесе кері бұрылуды орындауға ниет білдірген жүргізушінің дұрыс әрекетін анықтаңдар:

1. Солға бұрылу жарық көрсеткішін қосу, содан кейін маневрді бастау.
2. Ешкім басып озу әрекетін жасап жатпағандығына көз жеткізу, бұрылу жарық көрсеткішін қосу, содан кейін маневр жасауға кірісу.

86. Жеңіл автокөлік жүргізушісінің сол қолын жанына созып көрсеткен белгісі:

1. Солға бұрылу немесе кері бұрылу ниеті туралы хабарлайды.
2. Тоқтау және жүк автокөлігіне жол беру ниеті туралы хабарлайды.
3. Қиылыста туындауы мүмкін қауіп туралы хабарлайды.



87. Мотоциклшінің қолмен берген бұл сигналы:

1. Сол жақтан қауіп туындағанын білдіреді.
2. Солға бұрылу немесе кері бұрылу ниеті туралы хабарлайды.
3. Ақаудың бар екенін білдіреді.



БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ



88. Тоқтап тұрған автокөлік жүргізушісінің қолын бір жаққа созып көрсеткен белгісі:

1. Қозғалысты бастау ниеті туралы хабарлайды.
2. Көмек сұраған өтініші.
3. Жолда болған қауіп туралы хабарлайды.



89. Жеңіл автокөлік жүргізушісінің жанына созылып, шынтақта тік бұрышпен жоғары бүгілген сол қолы:

1. Солға бұрылу ниеті туралы хабарлайды.
2. Оңға бұрылу ниеті туралы хабарлайды.
3. Жүк автокөлігіне жол бере отырып, жылдамдықты төмендету және тоқтау ниеті туралы хабарлайды.



90. Қолмен берілген мұндай сигнал:

1. Қозғалысты тура жалғастыру ниеті туралы хабарлайды.
2. Оңға бұрылу ниеті туралы хабарлайды.
3. Тоқтау ниеті туралы хабарлайды.



91. Автокөлік жүргізушісінің жоғары көтерілген қолы:

1. Оңға бұрылу ниеті туралы хабарлайды.
2. Қозғалысты тура жалғастыру ниеті туралы хабарлайды.
3. Мотоцикл жүргізушісіне жол беру үшін тоқтау ниеті туралы хабарлайды.

92. Бұрылу жарық көрсеткіштерімен сигнал беру қай уақытта тоқтатылады?

1. Тікелей маневрді орындау алдында.
2. Маневр аяқталғаннан кейін дереу.
3. Аталған екі жағдайда да.



93. Басып озған кезде сол жаққа бұрылу жарық көрсеткіші сөндіріледі:

1. Сол жақтағы қозғалыс жолағына ауысқаннан кейін дереу.
2. Басып озатын көлік құралынан озғаннан кейін.
3. Жол жағдайына байланысты.

94. Жеңіл автокөлік жүргізушісі сол жаққа бұрылу жарық көрсеткішін қай кезде сөндіруі керек?

1. Сол жақтағы қозғалыс жолағына ауысқаннан кейін дереу.
2. Жүк автокөлігінен озғаннан кейін.
3. Оң жолаққа қайтып ауысқаннан кейін.

95. Жүргізуші көрсетілген жерде тоқтау үшін бұрылу жарық көрсеткішін қай кезде қосуы тиіс?

1. Жол қиылысында, аялдаудан бұрын.
2. Оңға бұрылуға тыйым салынғандықтан, қиылысқа кірер алдында.

3. Бұл жағдайда бұрылу сигналы берілмейді, өйткені ол басқа қозғалысқа қатысушыларды шатастырады.



96. Ескерту сигналын бергені жүргізушіге басымдық береді ме?

1. Бермейді.
2. Береді.
3. Маневр аяқталған кезде береді.
4. Маневр басында береді.

97. Қандай автокөлік жүргізушісі жол беруі тиіс?

1. Жеңіл.
2. Жүк.

98. Жүргізуші жолдан шығу кезінде жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің жолын кесіп өтеді. Жүргізуші оларға жол беруге міндетті ме?

1. Міндетті.
2. Егер олар белгіленген жаяу жүргінші және велосипедшілер жолымен қозғалса, міндетті.
3. Міндетті емес.



БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ

99. Көлік құралының жүргізушісі аялдау немесе тоқтау орнына жақындағанда мопедке жол беруі тиіс пе?

1. Міндетті.
2. Міндетті емес.




100. Қандай жағдайда сары автокөлік жүргізушісі сол жолаққа ауысқанда басымдыққа ие болады?

1. Егер жасыл автокөлік қозғалысын тура жалғастырса.
2. Егер жасыл автокөлік оң жақ жолаққа ауысса.
3. Екі жағдайда да.



101. Қандай жағдайда сары автокөлік жүргізушісі оң жақ жолаққа ауысқанда жол береді?

1. Егер ақ автокөлік қозғалысты тура жалғастырса.
2. Егер ақ автокөлік сол жолаққа ауысса.
3. Екі жағдайда да.



102. Бір уақытта қатар ауыстырғанда қайсысы жол береді?

1. Автокөлік жүргізушісі.
2. Мотоцикл жүргізушісі.



103. Автокөлік жүргізушісі солға бұрылғанда қозғалысты қандай траекториямен жалғастыра алады?

1. А бойынша.
2. В бойынша.
3. А немесе В бойынша.



104. Бұл жағдайда қандай жолақтан солға бұрылуға рұқсат етіледі?

1. Орта немесе шеткі сол жақтағы.
2. Ортадағы.
3. Соңғы сол жақтағы.



105. Көлік жүргізушісіне қай жаққа жүруге рұқсат беріледі?

1. Тура.
2. Тура немесе солға.
3. Тура немесе оңға.
4. Тура, солға және кері бағытта.




106. Қандай көлік құралының жүргізушісі Жол жүрісі қағидаларын бұзды?

1. Жеңіл автокөліктің.
2. Екеуі де.
3. Ешкім бұзған жоқ.



107. Көрсетілген траекториялардың қайсысы бойынша қозғалысты жалғастыруға рұқсат етілген?

1. А бойынша.
2. В бойынша.
3. А немесе С.
4. А немесе В.
5. А, В немесе С.



108. Қандай қиылыстарда жүргізушіге трамвай жолдарында солға бұрылуға (кері бұрылуға) тыйым салынады?

1. Реттелмейтін қиылыстарда.
2. Егер жолақтар бойынша қозғалыс бағыты 5.8.1 немесе 5.8.2 белгілерімен көрсетілген болса.
3. Аталған екі жағдайда да.

БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ




109. Осы жағдайда ақ автокөлік жүргізушісіне трамвай жолымен қозғалысын жалғастыруға рұқсат етілген бе?

1. Трамвай қозғалысына кедергі келтірмесе, солға бұрылуға рұқсат етіледі.
2. Егер ол солға бұрылатын жасыл автокөлікке жол берсе, рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.




110. Көлік жүргізушісі қозғалысын қай бағытта жалғастыра алады?

1. Тек сол бағытта.
2. Сол және кері бағытта.
3. Оң және сол бағытта.
4. Оң, сол және кері бағытта.



111. Солға бұрылу қандай траекториямен жүзеге асырылуы тиіс?

1. А бойынша.
2. В бойынша.
3. А немесе В бойынша.



112. Оңға бұрылуға қандай траекториямен рұқсат етіледі?

1. А бойынша.
2. В бойынша.
3. А немесе В бойынша.

113. Көлік құралы өзінің ауқымына байланысты қиылыста кері бұрылысты шеткі сол жолақтан жасай алмайды. Бұл жағдайдағы дұрыс әрекет:

1. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен және егер бұл басқа көлік құралдарына кедергі келтірмесе, көршілес жолаққа жартылай, ал қажет болған кезде толық кіру арқылы бұрылу.



2. Қозғалыс қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда ғана жүру бөлігінің оң шетінен (оң жиегінен) бұрылу.

3. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен кез келген жолақтан бұрылу.


114. Бұл жағдайда кім жол беруге тиіс?

1. Жеңіл автокөлік жүргізушісі.
2. Жүк автокөлігінің жүргізушісі.



115. Бір мезгілде кері бұрылу кезінде қандай көлік құралының жүргізушісі жол беруі тиіс?

1. Автобустың.
2. Жеңіл автокөліктің.



116. Бұл жағдайда жеңіл автокөлік жүргізушісі:

1. Басымдыққа ие, себебі жүк автокөлігінің оң жағында.
2. Жүк автокөлігіне жол береді, өйткені үдеу жолағынан шығады.



117. Қай траекториямен бұрылу рұқсат етілген?

1. А бойынша.
2. А мен В бойынша.
3. А немесе С бойынша.
4. Көрсетілгендердің кез келгенінде.




БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ



118. Жүргізуші көрсетілген жерде кері бұрыла ала ма?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Жаяу жүргіншілер жолында жаяу жүргіншілер болса, жоқ.



119. Көрсетілген траекториялардың қайсысы бойынша кері бұрылуға рұқсат етіледі?


1. А бойынша.
2. В бойынша.
3. А немесе В бойынша.
4. Көрсетілген траекториялар бойынша кері бұрылуға тыйым салынады.



120. Бұл жағдайда қиылыстан қай бағытқа қозғалып өтуге рұқсат етілген?

1. Тура.
2. Тура немесе солға.
3. Тура, солға немесе кері бағытқа.
4. Тура, оңға, солға немесе кері бағытқа.

121. Қай суретте кері бұрылуға тыйым салынған жол учаскесі бейнеленген?



1. Сол жақтағы.
2. Сол және оң жақтағы.
3. Сол және ортадағы.



122. Бұл жағдайда кері бұрылуға:

1. Рұқсат етіледі.
2. Тыйым салынған.
3. Қарама-қарсы бағытта көлік құралдары болмаған жағдайда рұқсат етіледі.



123. Жол жүрісі қағидаларында теміржол өтпесі алдында кері бұрылуға:

1. Рұқсат етіледі.
2. Тыйым салынған.
3. Оның алдында 50 м қашықтықта тыйым салынады.

124. Қай көліктің жүргізушісі кері бұрыла алады?



1. Жеңіл.
2. Жүк.
3. Екі көлік құралы.

125. Осы белгімен белгіленген жол учаскелерінде кері бұрылуға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Елді мекендерден тыс жердегі жолдарда кем дегенде бір бағытта көру мүмкіндігі 100 м-ден кем болған кезде ғана тыйым салынады.
4. Жолды кем дегенде бір бағытта көру мүмкіндігі 100 м-ден кем болған кезде ғана тыйым салынады.



126. Бұл жерде кері бұрылуға рұқсат етілген бе?

1. Жоқ.
2. Иә.
3. Тек тәуліктің жарық уақытында рұқсат етіледі.



127. Көрсетілген траекториялардың қайсысы бойынша кері бұрылуға рұқсат етіледі?

1. А немесе В бойынша.
2. В немесе С бойынша.
3. А немесе С бойынша.
4. А, В немесе С бойынша.




БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ

128. Артқы жүріспен қозғалғанда жүргізуші:

1. Қолмен және дыбыстық сигнал беруге міндетті.
2. Авариялық сигналды қосуға міндетті.
3. Қажет болған жағдайда басқа адамдардың көмегіне жүгінуге міндетті.
4. 2 және 3-тармақтарда көрсетілген талаптарды орындауға міндетті.

129. Қандай жерлерде артқы жүріспен жүруге рұқсат етілген?

1. Жол қиылыстарында.
2. Біржақты қозғалысы бар жолдарда.
3. Жаяу жүргіншілер өткелдерінде.
4. Аялдау пункттері орналасқан жерлерде.



130. Қозғалыс қандай бағыттарда рұқсат етіледі?

1. А және В.
2. В және С.
3. А және С.
4. Барлық.



131. Жүргізуші көлікті қай жерде тоқтатуы керек?

1. Белгі алдында.
2. «ТОҚТА» жазуының алдында.
3. Тоқтау сызығының алдында.

Көлік құралдарының жолдың жүру бөлігінде орналасуы

132. Екіжақты қозғалысты жолдарда жолдың қарсы жүруге арналған жағына шығуға:

1. Рұқсат етіледі.
2. Тыйым салынады.
3. Егер жолдың төрт және одан да көп жолағы болса, тыйым салынады.



133. Елді мекеннен тыс жерде жеңіл автокөлік жүргізушісіне қандай жолақпен қозғалу ұсынылады?

1. Кез келген.
2. Шеткі сол жақтағыдан басқа кез келген.
3. Жолдың жүру бөлігінің оң шетіне жақын.

134. Жылдамдығы қанша км/сағ-тан аспайтын көлік құралдары шеткі оң жолақпен қозғалуға тиіс?

1. 40 км/сағ-тан.
2. 50 км/сағ-тан.
3. 60 км/сағ-тан.

135. Көлікке жолдың жүру бөлігімен бір деңгейдегі әрі сол жағындағы трамвай жолымен басып озуға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Қозғалысына бағыттас трамвай жолында рұқсат етілген.

136. Жүру бөлігі таңба сызықтарымен бөлінген жолдарда қандай жағдайларда жүргізушілер қатаң түрде жолақтармен қозғалуы тиіс?

1. Тек қарқынды қозғалыс кезінде.
2. Егер қозғалыс жолақтары тұтас сызықтармен бөлінген болса.
3. Барлық жағдайларда.

137. Реверстік қозғалысты жолға бұрылғанда, бағдаршамдар жоқ жерде қозғалыс рұқсат етіледі:

1. Шеткі сол жолақтан басқа кез келген жолақта.
2. Тек шеткі оң жолақта.
3. Кез келген жолақта.

138. Таңбалар немесе белгілер болмаған кезде көлік құралдарының қозғалысына арналған жолақтардың саны анықталады:

1. Көлік құралдарының көлемі және олардың арасындағы қажетті аралықтарды ескере отырып.
2. Бір қозғалыс жолағының ені 3,5 м-ге тең деген есеппен.
3. Бұл Қағидаларда қарастырылмаған.



БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ

139. Егер жолдың төрт және одан да көп жолағы болса, екіжақты қозғалысы бар жолдарда жүргізушіге қарама-қарсы жүруге арналған жол жағына шығуға рұқсат етіле ме?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Иә, тек басып озу немесе айналып өту үшін.




140. Жеңіл автокөлікке ортадағы жолаққа ауысуға рұқсат етіле ме?

1. Тыйым салынған.
2. Басып озу, айналып өту, солға бұрылу және кері бұрылу үшін рұқсат етіледі.
3. Басып озу және айналып өту үшін рұқсат етіледі.




141. Жасыл автокөлікке шеткі сол жақтағы қарама-қарсы қозғалысқа арналған жолаққа шығуға рұқсат етіле ме?

1. Тыйым салынған.
2. Рұқсат етіледі.
3. Басып озу, айналып өту, солға бұрылу және кері бұрылу үшін рұқсат етіледі.



142. Қандай автокөлік жүргізушілері таңбалау сызығын кесіп өтуде Қағидаларды бұзбайды?

1. Көк.
2. Сары.
3. Көк және сары.
4. Екеуі де бұзды.



143. Бұл жағдайда үзік қос сызықты кесіп өтуге рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Қарсы көлік құралдары болмаған кезде рұқсат етіледі.



144. Елді мекендерде осы белгімен белгіленген жолдағы көлік құралдарына қозғалу ұсынылады:

1. Кез келген жолақта.
2. Жолдың жүру бөлігінің оң шетіне жақын.
3. Жеңіл автокөліктерге кез келген жолақта, рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 т-дан асатын жүк автокөліктеріне бірінші және екінші жолақта.



145. Осы белгімен белгіленген жолда көлік құралдарына қандай жолақтар бойынша қозғалуға рұқсат етіледі?

1. Кез келген жолақта.
2. Бірінші және екінші жолақта.
3. Жеңіл автокөліктерге кез келген жолақта, рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 т-дан асатын жүк автокөліктеріне бірінші және екінші жолақта.



146. Бұл жағдайда тұтас сызықты кесіп өтуге рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Жол жиегіне тоқтау үшін рұқсат етіледі.




147. Бұл жағдайда жеңіл автокөлікке топырақ жабынды жолға шығуға рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етіледі.
2. Топырақ жабынды жол қауіпті бұрылыстың дәл алдында орналасқандықтан, тыйым салынады.
3. Егер жолдың көрінуі 50 м-ден кем болса, тыйым салынады.



148. Көлік жүргізушісіне жолаушыларды түсіру үшін тротуарға осы траекториямен баруға рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етілген.
2. Біржақты қозғалыс кезінде ғана рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.



БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ




149. Егер жеңіл автокөлік жүк автокөлігінен артық жылдамдықпен қозғалып бара жатса, бұл басып озу болып санала ма?

1. Иә.
2. Жоқ.

150. Қандай жағдайларда жылдамдығы 40 км/сағ. аспайтын көлік құралына шеткі оң жолақтан тыс шығуға рұқсат етіледі?

1. Басып озу немесе айналып өту кезінде.
2. Солға немесе кері бұрылыс алдында жолақ ауыстыру кезінде.
3. Рұқсат етілген жағдайларда жолдың сол жағында аялдау немесе тоқтап тұру кезінде.
4. Барлық аталған маневрлерді орындау кезінде.



151. Осы жағдайда жеңіл автокөлік жүргізушісіне қозғалысына бағытталған трамвай жолымен қозғалуға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Егер автопойыздың жылдамдығы 30 км/сағ. аспайтын болса, рұқсат етіледі.

152. Жүргізуші аталған жағдайлардың қайсысында жүру бөлігімен бір деңгейде орналасқан қозғалысына бағытталған трамвай жолымен қозғала отырып, Қағидаларды бұзады:

1. Трамвай жолдарына шыға отырып, оның оң жағында орналасқан кедергілерді айналып өткенде.
2. Сол жақта орналасқан трамвай жолдарына шыға отырып басып озғанда.
3. Кері бұрылу үшін трамвай жолдарымен жүргенде.
4. Барлық аталған жағдайларда.

153. Көлік құралдарының қиылыстарда трамвай жолдарымен жүруіне рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Егер жолда «Жолақтар бойынша жүру бағыттары» белгілері орнатылмаса, рұқсат етіледі.



154. Көлік құралдарына қарсы бағыттағы трамвай жолымен қозғалуға рұқсат етіле ме?


1. Трамвайға кедергі жасамаса, рұқсат етіледі.
2. Егер осы бағыттағы барлық жолақтар бос болмаса, рұқсат етіледі.
3. Солға бұрылғанда немесе кері бұрылғанда рұқсат етіледі.
4. Тыйым салынған.

155. Қандай жағдайларда жолдың жүру бөлігін қозғалыс жолағына бөлетін үзік жол таңба сызықтарын басып жүруге рұқсат етіледі?

1. Жолақ ауыстыру кезінде.
2. Тәуліктің қараңғы уақытында қозғалғанда.
3. Егер жолда басқа көлік құралдары болмаса.

156. Көрсетілген траекториялардың қайсысы бойынша қозғалыс рұқсат етілген?

1. А және В бойынша.
2. А бойынша.
3. В бойынша.



157. Көрсетілген траекториялардың қайсысы бойынша қозғалыс рұқсат етілген?

1. А бойынша.
2. В бойынша.
3. А және В бойынша.



158. Көлік құралдарының қайсысына жол жиектері, тротуарлар немесе жаяу жүргіншілер жолдарымен жүруге болады?


1. Егер жаяу жүргіншілердің қозғалысына кедергі келтірмесе, барлығына.
2. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және басқа жолмен жету мүмкін болмаған жағдайларда.
3. Жол жиектерінде, тротуарларда және жаяу жүргіншілер жолдарына жақын орналасқан нысандарға басқа жолмен жете алмайтын жағдайларда қысқа жолмен жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарына жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен.

БАҒДАРШАМДАР МЕН РЕТТЕУШІНІҢ СИГНАЛДАРЫ



159. Көрсетілген қашықтықтардың қайсысы бүйірлік арақашықтық болып саналады?

1. А және В.
2. С және Е.
3. D.
4. А, В, С және D.



160. Көрсетілген қашықтықтардың қайсысы арақашықтық болып саналады?

1. А.
2. В.
3. А және В.
4. А және С.

161. Жүргізуші қозғалу жылдамдығына қарай қандай арақашықтықты ұстануға міндетті?

1. Тежеу жолына тең.
2. Жылдамдықтың жартысының мәніне тең.
3. Алдында жүріп келе жатқан көлік құралы тежеген жағдайда соқтығысуды болдырмауға мүмкіндік беретін.



4-ТАҚЫРЫП. ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ**Тапсырмалар негізделген оқу сұрақтары:**

1. Ескерту белгілері
2. Басымдық белгілері
3. Тыйым салатын белгілер
4. Нұсқайтын белгілер
5. Ақпараттық-нұсқағыш белгілер
6. Сервис белгілері
7. Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар)

Тапсырмалардың мазмұны:

- жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жол белгілерінің маңызы мен мөнін бағалауға;
- жол белгілерінің түрлі топтарының қолданылу аясын салыстыруға;
- жол белгілері беретін ақпаратты жолдағы қозғалыс үшін және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында сауатты пайдалануға;
- алған білімдеріңді тәжірибеде шебер қолдана білуге көмектеседі.

Ескерту белгілері

162. Көрсетілген белгілердің қайсысы шлагбауммен жабдықталмаған теміржол өтпесіне жақындағаны туралы ескертеді?



1. А.
2. В.
3. С.
4. D.
5. E.

163. Осы белгілер орнатылған жерден теміржол өтпесіне дейінгі қашықтық қанша?

1. 150 м-ден кем емес.
2. 100 м-ден кем емес.
3. 50 м-ден кем емес.



2. А немесе С.
3. В немесе С.
4. А, В немесе С.




409. Көрсетілген траекториялардың қайсысы бойынша жолаушыларды отырғызу үшін жүріп келіп тоқтауға рұқсат етіледі?

1. А бойынша.
2. В бойынша.
3. А немесе В бойынша.



410. Көрсетілген орындардың қайсында аялдауға рұқсат етіледі?

1. С.
2. А немесе С.
3. В немесе С.
4. А, В немесе С.




411. Елді мекендерден тыс жерлерде көрсетілген орындардың қайсысында аялдауға рұқсат етіледі?

1. В.
2. С.
3. А немесе С.
4. В немесе С.



412. Елді мекендерде көрсетілген жерде аялдауға рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етілген.
2. Рұқсат етілмеген.
3. Жолаушыларды отырғызу немесе түсіру үшін ғана рұқсат етіледі.



413. Елді мекендерде көрсетілген жерде аялдауға рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етілген.
2. Рұқсат етілмеген.
3. Жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін ғана рұқсат етіледі.



414. Бұл жағдайда елді мекенде біржақты қозғалысы бар жолда аялдауға рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етіледі.
2. Рұқсат етілмейді.
3. Жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін ғана рұқсат етіледі.




415. Елді мекенде көрсетілген жерлердің қайсысында аялдауға рұқсат етіледі?

1. С.
2. А немесе В.
3. А немесе С.
4. В немесе С.
5. А, В немесе С.




416. Елді мекенде көрсетілген жерлердің қайсысында аялдауға рұқсат етіледі?

1. В.
2. С.
3. А немесе В.
4. А немесе С.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ



417. Көрсетілген орындардың қайсында тоқтап тұруға рұқсат етіледі?

1. С.
2. А немесе В.
3. А немесе С.
4. В немесе С.
5. А, В немесе С.



418. Қандай көлік құралының жүргізушісі елді мекендерден тыс жерде аялдау ережелерін бұзды?

1. Автокөліктің.
2. Мотоциклдің.
3. Екеуі де бұзды.
4. Екеуі де бұзған жоқ.

419. Елді мекендерден тыс жерлерде демалу, түнеу және басқа да мақсатта ұзақ уақыт тоқтап тұруға қай жерде рұқсат етіледі?


1. Бұл үшін көзделген алаңдарда.
2. Жолдан тыс жерлерде.
3. Жол жиегінде, егер оның ені тұрақ үшін жеткілікті болса.
4. 1 және 2-тармақтарда аталған орындарда.

420. Трамвай жолдарына жақын жерде аялдауға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Егер бұл трамвай қозғалысына кедергі келтірмесе, рұқсат етіледі.

421. Эстакадаларда, көпірлерде және жолқұбырларында аялдауға рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етілген.
2. Егер осы бағытта қозғалыс үшін үш және одан да көп жолақтар болса, рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.



422. Жеңіл автокөлік жүргізушісіне бұл жағдайда аялдауға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Егер ол көлік құралдарының қозғалысына кедергі келтірсе, тыйым салынады.



Реттелетін жол қиылысынан өту


423. Бұл жағдайда жеңіл автокөлік жүргізушісіне аялдауға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.



424. Елді мекенде көрсетілген орындардың қайсысында жүргізушіге аялдауға рұқсат етіледі?

1. А.
2. В.
3. В немесе С.
4. Аялдауға тыйым салынады.



425. Жүргізушіге көрсетілген жерде аялдауға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Жаяу жүргіншілер болмаған жағдайда ғана рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.



Реттелетін жол қиылысынан өту

426. Арғы жағында жол кептелісі пайда болған жол қиылысына шығуға рұқсат етілген бе?


1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Егер бұл жүргізушіні көлденең бағыттағы көлік құралдарының қозғалысына кедергі жасай отырып тоқтауға мәжбүр етсе, тыйым салынады.

427. Бұл жағдайда оңға бұрылу кезінде жүргізуші:

1. Жол қиылысының алдында тоқтауға және реттеушінің рұқсат беретін сигналын күте отырып, оңға бұрылуға міндетті.
2. Жаяу жүргіншілерге жол беріп, оңға бұрылуға міндетті.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ




428. Жеңіл автокөлік жүргізушісі солға бұрылғанда:

1. Жүк автокөлігіне жол беруге тиіс.
2. Қиылыстан бірінші өтуі тиіс.



429. Бағдаршамның жасыл сигналы қосылған кезде жеңіл автокөлік жүргізушісі:

1. Қиылыстарды бірінші болып өтеді, өйткені ол жүк көлігінің оң жағында.
2. Кері бұрылысты аяқтап жатқан жүк автокөлігіне жол береді.



430. Осы жағдайда кері бұрылу кезінде жүргізуші:

1. Жол қиылысынан шығатын бағыттағы бағдаршам сигналына қарамастан, бұрылысты аяқтауы тиіс.
2. Жолдың тоқтау сызығына тоқтау және бағдаршамның рұқсат беретін сигналын күтіп, бұрылысты аяқтауы тиіс.

3. Жолдың тоқтау сызығына тоқтауы, қарсы келе жатқан көлік құралдарына жол беруі және бұрылысты аяқтауы тиіс.



431. Бұл жағдайда жеңіл автокөлік жүргізушісіне қозғалып келе жатқан жүк автокөлігінен озып шығуға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Мұның қауіпсіздігіне сенімді болғанда ғана рұқсат етілген.



432. Бұл жағдайда жүргізуші:

1. Бағдаршамның жасыл сигналы қосылған кезде жол қиылысынан өтеді.
2. Басымдық белгісін басшылыққа ала отырып, қиылыстан өтеді.



433. Бағдаршамның негізгі жасыл сигналына түсірілген қара контурлы нұсқар жүргізушіні не туралы хабардар етеді?

1. Қозғалыс тек көрсетілген бағытқа ғана рұқсат етілгені туралы хабарлайды.

2. Бағдаршамның қосымша секциясының бар екендігі туралы хабарлайды және қосымша секцияның сигналынан басқа қозғалыстың рұқсат етілген өзге бағыттарын көрсетеді.

3. Басқа бағыттардағы қозғалыс бағдаршаммен реттелмейтіні туралы хабарлайды.

434. Бағдаршамның қызыл сигналындағы нұсқар жүргізушіні не туралы хабардар етеді?

1. Осы жол қиылысында әрқашан оңға бұрылуға тыйым салынады.

2. Оңға бұрылуға рұқсат етілген, бірақ жаяу жүргіншілерге жол беру қажет.

3. Бағдаршамның жасыл сигналын қосқан кезде қозғалыс тек оңға ғана рұқсат етіледі.



435. Жүргізуші оңға бұрыла ала ма?

1. Иә, бағдаршамның қосымша секциясында жасыл нұсқар қосылған кезде.

2. Иә, белгінің талаптарына және бағдаршамның рұқсат етуші негізгі сигналына сәйкес.



436. Жүк автокөлігінің жүргізушісіне қозғалысты қандай бағытта жалғастыруға рұқсат етіледі?

1. Солға және кері бағытта.

2. Тек сол бағытта.

3. Тек кері бағытта.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ




437. Мотоцикл жүргізушісіне қозғалысты қандай бағытта жалғастыруға рұқсат етіледі?

1. Тек сол бағытта.
2. Тура және сол бағытта.
3. Солға және кері бағытта.



438. Қозғалысты тура жалғастырғысы келетін жеңіл автокөлік жүргізушісі:

1. Оңға бұрылуы керек.
2. Бағдаршамның рұқсат беретін сигналын қосқан кезде тура қозғалу үшін көрші жолаққа ауысуы мүмкін.
3. Бағдаршамның рұқсат беретін сигналын күте отырып, осы жолақта қозғалысты жалғастыра алады.



439. Реверстік бағдаршамның сигналдары сөніп тұрғанда сары автокөліктің жүргізушісіне бұл маневр рұқсат етілген бе?

1. Тыйым салынған.
2. Рұқсат етіледі.
3. Егер қарсы бағытта көлік құралдары болмаса, рұқсат етіледі.



440. Бұл бағдаршам қандай көліктердің қозғалысын реттеу үшін қолданылады?

1. Трамвайлар мен троллейбустардың.
2. Тек трамвайлардың.
3. Трамвайлардың, сондай-ақ оларға арналған жолақта қозғалған басқа да маршруттық көлік құралдарының.



441. Автокөлік жүргізушісіне оңға бұрылуға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Негізгі бағдаршамның рұқсат беру сигналы кезінде рұқсат етіледі.



442. Көлік жүргізушісіне жүруге рұқсат беріледі:

1. Тура және солға қарай бірінші өткелге.
2. Тура және солға қарай екінші өткелге.
3. Тура және солға қарай бірінші және екінші өткелдерге.
4. Тура.



443. Осы жағдайда автокөлік жүргізушісі:

1. Қозғалысын жылдамдатады және қиылыстан өтеді.
2. Егер ол шұғыл төжеуге жүгінбей тоқтай алмаса, қозғалысты жалғастырады.
3. Бағдаршамда тоқтайды.



444. Маршруттық автобусқа қандай бағыттарға жүруге рұқсат етіледі?

1. Тура.
2. Оңға.
3. Тура немесе оңға.



445. Қандай көлік құралдары көрсетілген бағыттарда қозғалысын жалғастыра алады?

1. Трамвай мен жеңіл автокөлік.
2. Жүк автокөлігінен басқа барлығы.
3. Велосипед пен ат-арба.



446. Қандай көлік құралдарына қозғалуға рұқсат етіледі?

1. Трамвай мен жеңіл автокөлікке.
2. Жеңіл автокөлік пен мотоциклге.
3. Жүк автокөлігі мен мотоциклге.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ



447. Қандай көлік құралдарына қозғалуға тыйым салынады?

1. Жеңіл автокөлік пен мотоциклге.
2. Тек трамвайға.
3. Трамвай мен жеңіл автокөлікке.



448. Қандай көлік құралдары көрсетілген бағыттарда қозғалысын жалғастыра алады?

1. Барлық.
2. Жүк автокөлігі.
3. Автобус.



449. Қандай көлік құралдары көрсетілген бағыттарда қозғалысын жалғастыра алады?

1. Жүк автокөлігінен басқа барлығы.
2. Трамвай және жеңіл автокөлік.
3. Трамвай және мотоцикл.
4. Жеңіл автокөлік және мотоцикл.



450. Қандай көлік құралдарына оңға бұрылуға рұқсат етіледі?

1. Тек ат-арбаға.
2. Ат-арбаға және мотоциклге.
3. Барлық көлік құралдарына.



451. Қандай көлік құралдарына солға бұрылуға рұқсат етіледі?

1. Трамвайға.
2. Жеңіл автокөлікке.
3. Трамвай мен жеңіл автокөлікке.



452. Қандай көлік құралдарына қозғалуға рұқсат етіледі?

1. Жеңіл автокөлікке.
2. Трамвай мен жеңіл автокөлікке.
3. Жеңіл және жүк автокөліктеріне.




453. Қозғалыс қандай бағыттарға рұқсат етіледі?

1. А және В.
2. А.
3. Қозғалуға тыйым салынады.
4. А, В және С.



454. Қозғалыс қандай бағыттарға рұқсат етіледі?

1. А.
2. В.
3. С.
4. А және С.
5. В және С.



455. Қозғалыс қандай бағыттарға рұқсат етіледі?

1. Тура.
2. Оңға.
3. Тура және оңға.
4. Тура және солға.



456. Қозғалыс қандай бағыттарға рұқсат етіледі?

1. Тура.
2. Оңға.
3. Солға.
4. Тура және оңға.
5. Тура және солға.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ



457. Осы жағдайда жеңіл автокөлік жүргізушісіне қиылысқа шығуға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Бұрылу немесе кері бұрылу үшін рұқсат етіледі.



458. Жеңіл автокөлік жүргізушісі:

1. Қиылысты бірінші болып өтеді.
2. Жарқылдауық маяғы қосылған автокөлікке жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.



459. Автобус жүргізушісі:

1. Қиылысты бірінші болып өтеді.
2. Жарқылдауық маяғы қосылған автокөлікке жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.



460. Бұл жағдайда қандай автокөлік жүргізушісі жол береді?

1. Ақ.
2. Сары.



461. Осы жағдайда солға бұрылғанда жасыл автокөлік жүргізушісі:

1. Қарсы келе жатқан автокөлікке жол береді.
2. Қиылысты аялдаусыз өтеді.



462. Бұл жағдайда көлік құралдары қиылыстан қандай реттілікпен өтеді?

1. Трамвай, жеңіл автокөлік, мотоцикл.
2. Жеңіл автокөлік, содан кейін трамвай мотоциклмен бір мезгілде.
3. Трамвай мотоциклмен бір мезгілде, содан кейін жеңіл автокөлік.



463. Жеңіл автокөлік жол қиылысынан нешінші болып өтеді?

1. Бірінші.
2. Екінші.
3. Үшінші.




464. Жеңіл автокөлік жүргізушісі:

1. Қиылысты бірінші болып өтеді.
2. Трамвайға жол береді.



465. Тура қозғалуы қажет ақ автокөлік жол қиылысынан нешінші болып өтеді?

1. Бірінші.
2. Трамвайға жол беріп, екінші.
3. Соңғы болып.



466. Бұл жағдайда қандай көлік құралының жүргізушісі жол береді?

1. Трамвайдың.
2. Автокөліктің.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ




467. Жеңіл автокөлік жүргізушісі солға бұрылғанда қайсысына жол береді?

1. Жүк автокөлігіне.
2. Жаяу жүргіншілерге.
3. Жүк автокөлігіне және жаяу жүргіншілерге.



468. Жеңіл автокөлік жүргізушісі солға бұрылғанда қайсысына жол береді?

1. Автобуска.
2. Жаяу жүргіншілерге.
3. Автобус пен жаяу жүргіншілерге.
4. Ешбіріне жол бермейді.



469. Бұл жағдайда оңға қарай қозғалысты жалғастыруға ниет білдірген мотоцикл жүргізушісі:

1. Жол қиылысынан тура өтуге ниеттенген жеңіл автокөлікке кедергі жасамау үшін тура өтуі керек.
2. Бағдаршамның қосымша секциясындағы рұқсат беру сигналының қосылуын күтуге міндетті.
3. Оңға бұрылуы керек.



470. Бұл жағдайда қозғалысты тура жалғастырғысы келетін сары автокөлік жүргізушісі:

1. Оңға бұрылуы керек.
2. Бағдаршамның рұқсат беретін сигналы кезінде қозғалысты жалғастыру үшін көрші жолаққа ауыса алады.
3. Бағдаршамның рұқсат беретін сигналын күте отырып, осы жолақтан қозғалысты жалғастыра алады.



471. Бұл жағдайда қозғалысты тура жалғастырғысы келетін сары автокөлік жүргізушісі:

1. Оңға бұрылуы керек.
2. Бағдаршамның рұқсат беретін сигналы кезінде қозғалысты жалғастыру үшін көрші жолаққа ауыса алады.
3. Бағдаршамның рұқсат беретін сигналын күте отырып, осы жолақтан қозғалысты жалғастыра алады.



Реттелмейтін жол қиылысынан өту

472. Қиылыс реттелмейтін болып есептеледі, егер:

1. Бағдаршамдары жұмыс істемесе.
2. Бағдаршамда сары сигнал жыпылықтап тұрса.
3. Реттеуші жоқ болса.
4. Барлық аталған жағдайларда.

473. Бағдаршамның сары сигналы жыпылықтап тұрғанда жеңіл автокөлік жүргізушісі:

1. Тоқтап, жан-жағын байқаған соң қозғалысты жалғастыруы тиіс.
2. Ат-арбаға жол беруге тиіс.
3. Қиылысты қарсы автокөлікпен бір мезгілде жүріп өтуге тиіс.



474. Көлік құралдары жол қиылысынан қандай реттілікпен өтеді?

1. Автобус жеңіл автокөлікпен бірге, жүк автокөлігі.
2. Жүк автокөлігі, жеңіл автокөлік автобуспен бір мезгілде.
3. Автобус, жүк автокөлігі, жеңіл автокөлік.




ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ



475. Көлік құралдары жол қиылысынан қандай реттілікпен өтеді?

1. Жасыл автокөлік, қызыл автокөлік, мотоцикл.
2. Қызыл автокөлік, мотоцикл, жасыл автокөлік.
3. Жасыл автокөлік жол қиылысына шығады, қызыл автокөлік, мотоцикл өтеді, жасыл автокөлік бұрылысты аяқтайды.




476. Көлік құралдары жол қиылысынан қандай реттілікпен өтеді?

1. Жасыл автокөлік, ақ автокөлік, мотоцикл.
2. Ақ автокөлік, мотоцикл, жасыл автокөлік.
3. Ақ автокөлік, жасыл автокөлік, мотоцикл.



477. Көлік құралдары жол қиылысынан қандай реттілікпен өтеді?

1. Жасыл автокөлік, көк автокөлік, мотоцикл.
2. Жасыл автокөлік, мотоцикл, көк автокөлік.
3. Көк автокөлік, жасыл автокөлік, мотоцикл.



478. Автобус жүргізушісі:

1. «Жедел жәрдем» автокөлігімен бір мезгілде жол қиылысынан бірінші өтеді.
2. Жүк автокөлігі жүріп өткеннен кейін жол қиылысынан өтеді.



479. Жүргізуші қандай жағдайда жаяу жүргіншілерге жол беруге міндетті?

1. Басты жолдың бағыты бойынша солға бұрылғанда.
2. Оңға бұрылғанда.
3. Екі жағдайда да.



480. Жеңіл автокөлік жүргізушісі:

1. Қиылыстарды бірінші болып өтеді.
2. Жарқылдауық маяғы қосылған автокөлікке жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.



481. Оңға бұрылғанда жүргізуші қайсысына жол беруге міндетті?

1. Велосипедшіге.
2. Жаяу жүргіншілерге.
3. Жаяу жүргіншілер мен велосипедшіге.
4. Ешкімге.



482. Егер жүк көлігі жол қиылысының алдында тоқтаса, жеңіл автокөлік жүргізушісіне қозғалысты жалғастыруға рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етіледі.
2. Тыйым салынған.
3. Қауіпсіздігіне көз жеткізгенде, рұқсат етіледі.



483. Бағдаршамда сары сигнал жыпылықтап тұрған кезде жеңіл автокөлік жүргізушісі:

1. Жол қиылысын жүк автокөлігімен бір мезгілде бірінші болып жүріп өтуге міндетті.
2. Ат-арбаға жол беруге міндетті.
3. Трамвайға жол беруге міндетті.
4. Трамвайға және ат-арбаға жол беруге міндетті.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ



484. Жеңіл автокөлік жол қиылысынан өтуді нешінші болып аяқтайды?

1. Соңғы болып.
2. Бірінші болып.
3. Екінші болып.



485. Көлік құралдары қиылыстан қандай реттілікпен өтеді?

1. Қызғылт сары маяғы бар автокөлік, автобус, мотоцикл, жүк автокөлігі.
2. Автобус, қызғылт сары маяғы бар автокөлік, мотоцикл, жүк автокөлігі.
3. Қызғылт сары маяғы бар автокөлік, мотоцикл, автобус, жүк автокөлігі.



486. Екінші өтпеді солға бұрылғанда ақ түсті автокөлік:

1. Басымдыққа ие.
2. Жеңіл автокөлік пен автобуска жол береді.
3. Автобуска жол береді.



487. Жеңіл автокөлік жүргізушісі қайсысына жол беруге міндетті?

1. Тек автобуска.
2. Тек жүк автокөлігіне.
3. Екі көлік құралына да.



488. Көлік құралдары қиылыстан қандай реттілікпен өтеді?

1. Мотоцикл, жеңіл автокөлік, жүк автокөлігі.
2. Жеңіл автокөлік, жүк автокөлігі, мотоцикл.
3. Жеңіл автокөлік, мотоцикл, жүк автокөлігі.



489. Қандай көлік қиылыстан бірінші болып өтеді?

1. Жеңіл автокөлік.
2. Автобус.
3. Жеңіл автокөлік ат-арбамен бір мезгілде.



490. Бағдаршам жұмыс істемей тұрғанда көлік құралдары қиылыстан қандай тәртіппен өтеді?

1. Трамвай, мотоцикл, ат-арба.
2. Мотоцикл, ат-арба, трамвай.
3. Ат-арба жол қиылысына шығып, тоқтайды, содан кейін трамвай, мотоцикл шығады, қиылыстан өтуді ат-арба аяқтайды.



491. Сары автокөлік жол қиылысынан нешінші болып өтеді?

1. Бірінші.
2. Екінші.
3. Соңғы.



492. Сары автокөлік жүргізушісі:

1. Ақ автокөлікке жол береді.
2. Ақ автокөлік және мотоциклге жол береді.
3. Барлық көліктерге жол береді.
4. Ешқайсысына жол бермейді.



493. Сары автокөлік жүргізушісі:

1. Мотоциклге жол береді.
2. Мотоцикл мен ақ автокөлікке жол береді.
3. Барлық көліктерге жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ



494. Сары автокөлік жүргізушісі:

1. Трамвайға жол береді.
2. Ақ автокөлікке жол береді.
3. Трамвайға және ақ автокөлікке жол береді.
4. Барлық көлік құралдарына жол береді.



495. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Трамвайға жол береді.
2. Жасыл автокөлікке жол береді.
3. Барлық көлік құралдарына жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.



496. Сары автокөлік жүргізушісі:

1. Ақ автокөлікке жол береді.
2. Автобус пен ақ автокөлікке жол береді.
3. Барлық көлік құралдарына жол береді.



497. Сары автокөлік жүргізушісі:

1. Мотоциклге жол береді.
2. Мотоцикл және ақ автокөлікке жол береді.
3. Автобус пен мотоциклге жол береді.
4. Барлық көлік құралдарына жол береді.



498. Сары автокөлік жүргізушісі:

1. Ақ автокөлікке жол береді.
2. Автобуска жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.




499. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Көк автокөлікке жол береді.
2. Жүк автокөлігіне жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.




500. Көк автокөлік жүргізушісі:

1. Автобусқа жол береді.
2. Ақ автокөлікке жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.



501. Көк автокөлік жүргізушісі:

1. Автобусқа жол береді.
2. Ақ автокөлікке жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.



502. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Көк автокөлікке жол береді.
2. Автобусқа жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.



503. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Автобусқа жол береді.
2. Көк автокөлікке жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ



- 504. Көк автокөлік жүргізушісі:**
1. Мотоциклге жол береді.
 2. Мотоцикл мен ақ автокөлікке жол береді.
 3. Автобус пен мотоциклге жол береді.
 4. Ешбіріне жол бермейді.



- 505. Көк автокөлік жүргізушісі:**
1. Ақ автокөлікке жол береді.
 2. Автобус пен ақ автокөлікке жол береді.
 3. Автобус пен мотоциклге жол береді.
 4. Ешбіріне жол бермейді.



- 506. Көк автокөлік жүргізушісі:**
1. Мотоциклге жол береді.
 2. Мотоцикл мен ақ автокөлікке жол береді.
 3. Автобус пен мотоциклге жол береді.
 4. Барлық көлік құралдарына жол береді.



- 507. Көк автокөлік жүргізушісі:**
1. Автобуска жол береді.
 2. Автобус пен ақ автокөлікке жол береді.
 3. Автобус пен мотоциклге жол береді.
 4. Ешбіріне жол бермейді.




- 508. Қиылыстан өту реттілігін анықтаңдар:**
1. D, C, B, A.
 2. B, D, A, C.
 3. C, A, B, D.
 4. A, B, C, D.




509. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Жүк автокөлігіне жол береді.
2. Жасыл автокөлікке жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.




510. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Жүк автокөлігіне жол береді.
2. Жасыл автокөлікке жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.




511. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Жүк автокөлігіне жол береді.
2. Жасыл автокөлікке жол береді.
3. Екі көлік құралына да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.




512. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Трамвайларға жол береді.
2. Сары автокөлікке және А трамвайға жол береді.
3. Барлық көлік құралдарына жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.




513. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. А және В трамвайларына жол береді.
2. А трамвайға жол береді.
3. Қара автокөлік және А трамвайға жол береді.
4. Барлық көлік құралдарына жол береді.




ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ




514. Ақ автокөлік жүргізушісі жол қиылысынан нешінші болып өтеді?

1. Бірінші.
2. Екінші.
3. Үшінші.
4. Төртінші.




515. Ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Тек А трамвайға жол береді.
2. Тек В трамвай мен автобуска жол береді.
3. Барлық көлік құралдарына жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.



516. Көк автокөлік жүргізушісі:

1. Тек трамвайға жол береді.
2. Тек трамвай мен жеңіл автокөлікке жол береді.
3. Тек жеңіл автокөлікке жол береді.
4. Барлық көлік құралдарына жол береді.



517. Көк автокөлік жүргізушісі жол қиылысынан нешінші болып өтеді?

1. Бірінші.
2. Екінші.



518. Көлік құралдары қиылыстан қандай реттілікпен өтеді?

1. Көк автокөлік, ақ автокөлік, мотоцикл.
2. Ақ автокөлік, мотоцикл, көк автокөлік.
3. Ақ автокөлік, көк автокөлік, мотоцикл.




519. Жеңіл автокөлік жүргізушісі жол қиылысынан нешінші болып өтеді?

1. Бірінші.
2. Екінші.



520. Көлік құралдары қиылыстан қандай реттілікпен өтеді?

1. Көк автокөлік, ақ автокөлік, мотоцикл.
2. Ақ автокөлік, мотоцикл, көк автокөлік.
3. Көк автокөлік жол қиылысына шығады, ақ автокөлік, мотоцикл, бұрылысты көк автокөлік аяқтайды.



521. Сары автокөлік жүргізушісі:

1. А трамвайға жол береді.
2. В трамвайға жол береді.
3. Екі трамвайға да жол береді.
4. Ешбіріне жол бермейді.



522. Сары автокөлік жүргізушісі:

1. Тек трамвайға жол береді.
2. Трамвайға және жүк автокөлігіне жол береді.
3. Ешбіріне жол бермейді.



523. Көлік құралдарының қайсысы жол беруі тиіс?

1. Тек А.
2. Тек С.
3. А және С.
4. В және С.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ



524. Автокөлік жүргізушісі жол қиылысынан нешінші болып өтеді?

1. Бірінші.
2. Екінші.



525. Бұл жағдайда көк автокөлік жүргізушісі жол қиылысынан өтеді:

1. Бірінші.
2. Екінші.
3. Үшінші.
4. Төртінші.

Жаяу жүргіншілер өткелдері және маршруттық көлік құралдарының аялдамалары

526. Реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі алдында тоқтаған көлік құралына жақындаған жүргізушіге қозғалысты жалғастыруға қандай жағдайда рұқсат етіледі?

1. Дыбыстық сигнал берілгеннен кейін.
2. Жаяу жүргіншілер өткелінде тоқтағаннан кейін.
3. Тоқтаған көлік құралының алдында жаяу жүргіншілер жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін.

527. Егер қозғалыс бағытындағы жолдың жүру бөлігінде бағдаршамның рұқсат ету сигналы қосылса, ал жүргіншілер өткелінде өтуді әлі аяқтамаған жаяу жүргіншілер болса, көлік құралының жүргізушісі қандай әрекет жасауы тиіс?

1. Дыбыстық сигнал беру және ең төменгі жылдамдықпен өту.
2. Жаяу жүргіншілерге жол беру.
3. Сақтық шараларын сақтай отырып өту.

528. Жүргізуші жаяу жүргіншілер өткелінен тыс жерлерде, ақ түсті таяқпен сигнал берген зағип жаяу жүргіншіні өткізіп жіберуге міндетті ме?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Оларды ертіп жүретін адамдар болған жағдайда, жоқ.



529. Бұл жағдайда көлік жүргізушісі жаяу жүргіншіге жол беруге міндетті ме?

1. Иә.
2. Жоқ.



530. Бағдаршамның жасыл сигналы қосылған кезде жеңіл автокөлік жүргізушісі:

1. Жаяу жүргіншіні дыбыс сигналымен ескерте отырып, қозғалысты бастайды.
2. Егер жаяу жүргінші тоқтаса, қозғалысты жоғары сақтықпен бастайды.



3. Жаяу жүргінші жолдың жүру бөлігінен өтуді аяқтағаннан кейін қозғалысты бастайды.

531. Егер жаяу жүргіншілер өткелінің артында жүргізушіні жаяу жүргіншілер өткелінде тоқтауға мәжбүр ететін кептеліс пайда болса, жүргізуші:

1. Тоқтауы және жаяу жүргіншілер өткеліне шықпауы тиіс.
2. Жаяу жүргіншілер өткелінің алдында 5 м жерде тоқтауы тиіс.
3. Егер жаяу жүргіншілер болмаса, жаяу жүргіншілер жолында аялдауы тиіс.

532. Маршруттық көлік құралдарының жүргізушілері жаяу жүргіншілер өткелінен тыс жерлерде, ақ түсті таяқпен сигнал берген зағип жаяу жүргіншіні өткізіп жіберуге міндетті ме?


1. Міндетті.
2. Міндетті емес.

533. Автокөлік жүргізушісі:

1. Аялдау пунктінде тоқтайды.
2. Жылдамдықты тоқтағанша төмендету шараларын қолдана отырып, қозғалысты жалғастырады.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ



534. Қай автокөлік жүргізуші аялдамада тұрған трамвайға бара жатқан немесе одан түскен жаяу жүргіншілерге жол беруі тиіс?

1. Екі жүргізуші де.
2. А автокөлік жүргізушісі.
3. В автокөлік жүргізушісі.


535. Аталған көлік құралдарының қайсысына жақындап келгенде жүргізуші жылдамдықты төмендетуге, ал қажет болған жағдайда тоқтауға міндетті?

1. «Мүгедек» деген таным белгісі бар көлік құралдарына.
2. «Балаларды тасымалдау» деген таным белгісі бар көлік құралдарына.
3. Аталған екі көлік құралына.



536. Бұл жағдайда автокөлік жүргізушісі міндетті:

1. Дыбыс сигналын беріп, аса сақтықпен қозғалысты жалғастыруға.
2. Тоқтап, балалар тобын өткізуге.
3. Қажетті сақтық шараларын сақтай отырып, қозғалысты жалғастыруға.



537. Бұл жағдайда қандай көліктің жүргізушісі трамвайға жол беруі тиіс?

1. Жеңіл.
2. Жүк.
3. Екі көліктің де.

538. Қай суретте көлік жүргізушісі трамвайға жол беруге міндетті?



1. Сол жақтағы.
2. Оң жақтағы.
3. Екеуінде де.



539. Ақ автокөлікке қозғалысын қандай траектория бойынша жалғастыруға рұқсат етіледі?

1. А бойынша.
2. В бойынша.
3. А немесе В бойынша.
4. В немесе С бойынша.



540. Жеңіл автокөлік жүргізушісіне осындай маневр жасауға рұқсат етілген бе?

1. Егер жүк автокөлігінің жүргізушісі солға бұрылу сигналын қосса және маневр жасауға кіріссе рұқсат етіледі.
2. Егер басып озған кезде маршруттық көлік құралдарының қозғалысына кедергі жасалмаса, рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.



541. Осы жағдайда қандай автокөліктің жүргізушісі жолаушыларды түсіру үшін дұрыс тоқтады?

1. Көк.
2. Сары.
3. Ақ және сары.
4. Барлығы ережені бұзды.



542. Көрсетілген жерде аялдауға рұқсат етіле ме?

1. Тыйым салынған.
2. Жолаушыларды отырғызу немесе түсіру үшін ғана рұқсат етіледі.
3. Егер маршруттық көлік құралдарының қозғалысына кедергі жасалмаса, рұқсат етіледі.



ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ




543. Көрсетілген жерде тоқтап тұруға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Егер тоқтап тұрған көлік құралынан тұтас сызыққа дейін кемінде 3 м болса, рұқсат етіледі.

544. Автобус жүргізушісіне осы белгімен белгіленген жолақта, егер жолақ жолдың қалған жүру бөлігінен тұтас таңба сызығымен бөлінсе, қозғалуға рұқсат етіле ме?



1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Егер автобус белгіленген бағыт бойынша қозғалса, рұқсат етіледі.



545. Қандай траекториямен оңға бұрылуға рұқсат етіледі?

1. А бойынша.
2. В бойынша.
3. А немесе В бойынша.

546. Көлік құралдарына 5.9 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жолақ» белгісімен белгіленген және тұтас таңбалау сызығымен қалған жүру бөлігінен ажыратылған оң жолақта тоқтап тұруға рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етіледі.
2. Тыйым салынады.
3. Егер тоқтап тұруға тыйым салатын белгі болмаса, рұқсат етіледі.

547. Қандай жағдайларда жүргізушілер белгіленген аялдамадан қозғалысты бастаған автобусқа жол беруі тиіс?

1. Елді мекендерде.
2. Елді мекендерден тыс жерлерде.
3. Барлық жағдайларда.



548. Жүргізуші аялдама белгісі жоқ орыннан қозғалысты бастаған маршруттық таксиге жол беруге тиіс пе?

1. Иә.
2. Жоқ.

549. Елді мекенде белгіленген аялдамадан қозғалысты бастаған троллейбустар мен автобустардың жүргізушілері:

1. Олардың жолына бағыттас келе жатқан көлік құралдарына жол беруге міндетті.
2. Өздеріне жол бергеніне көз жеткізгеннен кейін қозғалысты бастай алады.
3. Басымдықты пайдаланып, белгіленген бағытта қозғалысты бастауға тиіс.



ӘРТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

7-ТАҚЫРЫП. ӘРТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

Тапсырмалар негізделген оқу сұрақтары:

1. Теміржол жолдары арқылы жүру
2. Автомагистральдарда жүру
3. Тұрғын аймақтарда жүру
4. Маршруттық көлік құралдарының басымдығы
5. Сыртқы жарық беру аспаптарын және дыбыстық сигналдарды пайдалану

Тапсырмалардың мазмұны:

- тақырып бойынша алған білімдеріңді практикада шебер қолдана білуге;
- өртүрлі жағдайларда көлік құралдарының қозғалыс ерекшеліктерін бөліп көрсетуге;
- маршруттық көлік құралдарының басымдығын дәйектеуге;
- автокөліктердің сыртқы жарықтандыру құрылғыларының және дыбыстық сигналдарының жұмыс принципін, мақсатын білуге;
- көлік құралының техникалық жағдайы мен жол қозғалысы қауіпсіздігінің, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғаудың өзара байланысын дәлелдеуге көмектеседі.

Теміржол жолдары арқылы жүру**550. Теміржол жолдарын қай жерде кесіп өтуге рұқсат етіледі?**

1. Жақындап келе жатқан пойыз (локомотив, дрезина) болмаса, кез келген жерде.
2. Тек теміржол өтпесінен ғана.

551. Бағдаршам сигналдары өшірілген кезде теміржол өтпесі арқылы жүруге рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Өтпеге жақындап келе жатқан пойыз (локомотив, дрезина) жоқтығына көз жеткізгеннен кейін рұқсат етіледі.

552. Жүргізушіге теміржол өтпесіндегі жабық шлагбаумды айналып өтуге рұқсат етілген бе?

1. Жақындап келе жатқан пойыздың жоқтығына көз жеткізгеннен кейін рұқсат етіледі.
2. Тыйым салынған.
3. Жедел қызметтік тапсырманы орындау кезінде рұқсат етіледі.



553. Жеңіл автокөлік жүргізушісіне осы жағдайда теміржол өтпесінен өтуге рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген, өйткені өтпе бойынша кезекші тек жүк автокөлігінің жүруіне тыйым салуда.

2. Егер жақындап келе жатқан пойыз болмаса, рұқсат етіледі.

3. Тыйым салынған.



554. Теміржолдарды теміржол өтпелерінен тыс жерде кесіп өтуге рұқсат етіле ме?

1. Тыйым салынған.

2. Егер жүргізуші жақындап келе жатқан пойыздың жоқтығына көз жеткізсе, бір жолды теміржолдарды кесіп өтуге рұқсат етіледі.

3. Құрылыс, жөндеу немесе жинау жұмыстарын орындау кезінде қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маяғы қосылған көлік құралдарының жүргізушілеріне рұқсат етіледі.

555. Осы жағдайда автокөлік жүргізушісі:

1. Жақындап келе жатқан пойыздың жоқтығына көз жеткізгеннен кейін теміржол өтпесінен тоқтамастан өтеді.

2. Белгінің алдында тоқтайды және пойыз өтіп кеткен соң қозғалысты жалғастырады.

3. Белгі алдында тоқтайды және жақындап келе жатқан пойыздың жоқтығына көз жеткізгеннен кейін ғана қозғалысты жалғастырады.



556. Егер теміржол өтпесі алдында бағдаршамның тыйым салатын сигналы қосылса, бірақ шлагбаум әлі ашық болса, жүргізуші не істеуі керек?

1. Жақындап келе жатқан пойыздың жоқтығына көз жеткізу және қажетті сақтық шараларын сақтай отырып өту.

2. Бағдаршамның алдында тоқтау.

3. Бұл жағдай ережелерде қарастырылмаған.

ӘРТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС



557. Осы жағдайда автокөліктердің теміржол өтпесіне шығуына рұқсат етілген бе?


1. Иә.
2. Иә, жақындап келе жатқан пойыз болмаса.
3. Жоқ.

558. Егер теміржол өтпесі алдында бағдаршамның рұқсат беретін сигналы қосылып тұрса, бірақ шлагбаум әлі жабық болса, жүргізуші не істеуі керек?

1. Жақындап келе жатқан пойыздың жоқтығына көз жеткізу және қажетті сақтық шараларын сақтай отырып, айналып өту.
2. Бағдаршамның алдында тоқтау.
3. Бұл жағдай ережелерде қарастырылмаған.

559. Теміржол өтпесі арқылы жүруге тыйым салатын сигнал беру үшін кезекші жүргізушіге қатысты:

1. Сол немесе оң жақ бүйірмен тұрып, жезлін (қызыл фонарь немесе жалаушаны) басынан жоғары көтереді.
2. Кеудесімен немесе арқасымен тұрып, жезл, қызыл фонарь, жалаушаларды қолында көтереді немесе қолын екі жаққа созады.
3. Кез келген бүйірімен немесе кеудесімен тұрып, жезлін (қызыл фонарь немесе жалаушаны) басынан жоғары көтереді.



560. Жеңіл автокөлік жүргізушісіне теміржол өтпесіне шығуға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Егер жақындап келе жатқан пойыз болмаса, рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.

561. Теміржол өтпесі арқылы өту кезінде жүргізушіге:

1. Қарсы қозғалыс жолағына шығып, өтпе алдында тұрған көлік құралдарын айналып өтуге тыйым салынады.
2. Ауылшаруашылығы, жол, құрылыс және басқа да машиналар мен механизмдерді көліктік емес күйде өтпе арқылы өткізуге тыйым салынады.



3. Өтпе алдында оған 100 м-ден жақын аймақта басқа көлік құралдарын басып озуға тыйым салынады.

4. Барлық аталған әрекеттерге тыйым салынады.

562. Теміржолдың жол аралықтары бойынша бастықтың рұқсатынсыз өтпе арқылы жүруге:

1. Тракторлық сүйретпе-шаналардан басқа, жылдамдығы сағатына 5 км-ден кем, баяу жүретін машиналарға тыйым салынады.

2. Жылдамдығы сағатына 5 км-ден кем, баяу жүретін машиналар, сондай-ақ тракторлық сүйретпе-шаналарға тыйым салынады.

3. Тракторлық сүйретпе-шаналардан басқа, жылдамдығы сағатына 8 км-ден кем, баяу жүретін машиналарға тыйым салынады.

4. Жылдамдығы сағатына 8 км-ден кем, баяу жүретін машиналар, сондай-ақ тракторлық сүйретпе-шаналарға тыйым салынады.

563. Теміржол өтпесі арқылы жүруге тыйым салынған, бірақ тоқтау сызығы, 2.5 «Аялдамай жүруге тыйым салынады» белгісі немесе бағдаршам болмаған жағдайда, көлік құралының жүргізушісі жақын жердегі рельстен қандай қашықтықта аялдауы тиіс?

1. 5 м.

2. 10 м.

3. 15 м.

564. Теміржол өтпесіндегі жалпы дабыл белгісі:

1. Бір ұзақ және үш қысқа сигналдың қайталануы.

2. Қолды айналдыра қозғау (күндіз ашық түсті мата қиындысы немесе қандай да бір жақсы көрінетін затпен, түнде алаумен немесе фонарьмен).

3. Екі нұсқа да.

565. Өтпеді мәжбүрлі тоқтаған кезде жақындап келе жатқан пойыздың машинисіне берілетін тоқтау сигналы:

1. Бір ұзақ және үш қысқа сигналдың қайталануы.

2. Қолды айналдыра қозғау (күндіз ашық түсті мата қиындысы немесе қандай да бір жақсы көрінетін затпен, түнде алаумен немесе фонарьмен).

3. Екі нұсқа да.



ӘРТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

Автомагистральдарда жүру

566. Техникалық жағдайға байланысты жылдамдығы 40 км/сағ-тан кем көлік құралына автомагистральда жүруге рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етіледі.
2. Тек шеткі оң жолақта рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.



567. Осы белгімен белгіленген жолдарда көлік жүргізіп үйренуге рұқсат етілген бе?

1. Жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетіндегі жолағын пайдаланса ғана рұқсат етіледі.
2. Көлік құралында «Оқу көлік құралы» таным белгісі болған кезде рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.

568. Автомагистральда мәжбүрлі аялдаған кезде жүргізуші авариялық аялдау белгісін қоюға міндетті ме?

1. Иә.
2. Жоқ, егер ол көлік құралын осыған арналған жолаққа шығарған болса.
3. Жоқ, егер жолдың екі бағытта да көрінуі 300 м-ден артық болса.

569. Рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 т-дан артық жүк автокөліктерінің автомагистральда қозғалуына рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Бірінші және екінші жолақтарда рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.

570. Автомагистральдарда тыйым салынады:

1. Велосипедшілердің қозғалысына.
2. Механикалық көлік құралдарын сүйретуге.
3. Рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 т-дан асатын жүк автокөліктерінің қозғалысына.
4. Барлық аталған әрекеттерге.



571. Осы белгімен белгіленген жолдарда:

1. Мотоциклдердің қозғалысына рұқсат етілген.
2. Көлік жүргізуді үйрену үшін жүруге рұқсат етілген.
3. Артқы жүріспен қозғалуға рұқсат етілген.
4. Мопедтер мен велосипедтердің қозғалысына рұқсат етілген.

**572. Автомагистральдарда аялдауға:**

1. Тыйым салынған.
2. Жолдың екі бағытта да көрінуі 300 м-ден асатын жерлерде рұқсат етілген.
3. Егер бір бағытта қозғалуға арналған үш жолақ болса, рұқсат етіледі.
4. «Тұрақ орны» немесе «Демалу орны» белгілерімен белгіленген арнайы алаңдарда рұқсат етіледі.

573. Қандай көлік құралының жүргізушісі автомагистральда кері бұрылу ережесін бұзды?

1. Жеңіл автокөліктің.
2. Жүк автокөлігінің.
3. Екеуі де бұзды.
4. Екеуі де бұзған жоқ.

**574. Артқы жүріспен жүруге қайда тыйым салынады?**

1. Біржақты қозғалысы бар жолдарда.
2. Автомагистральдарда.
3. Елді мекендерден тыс барлық жолдарда.
4. 1 және 2-тармақтарда көрсетілген жолдарда.

575. Осы белгімен белгіленген жолдарда көлік жүргізуді үйренуге рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Көлік құралында «Оқу көлік құралы» таным белгісі болған кезде рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.



ӘРТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС



576. Осы белгімен белгіленген жолдарға Жол жүрісі қағидаларындағы «Автомагистральдарда жүру» бөлімінің талаптары қолданыла ма?

1. Қолданылады.
2. Жылдамдық режимін сақтауда қолданылады.
3. Қолданылмайды.

Тұрғын аймақтарда жүру

577. Тұрғын аймақтарда көлік құралдары қай жермен қозғала алады?

1. Жолдың жүру бөлігі мен тротуарларда, егер бұл жаяу жүргіншілердің қозғалысына кедергі келтірмесе.
2. Жолдың жүру бөлігінде.
3. Тұрғын үй ғимараттары мен балалар алаңдарынан 10 м-ге қашық кез келген жерде.

578. Тұрғын аймақта қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автокөлікке тоқтап тұруға рұқсат етілген бе?

1. Тыйым салынған.
2. Рұқсат етілген.
3. Егер көлік құралына катализатор орнатылған болса, рұқсат етіледі.

Маршруттық көлік құралдарының басымдығы

579. Қандай жағдайларда жүргізуші белгіленген аялдамадан қозғалысты бастаған автобустарға жол беруі тиіс?

1. Әрбір бағытта қозғалуға арналған бір жолақты қозғалыс кезінде.
2. 5.22 «Елді мекеннің басталуы» белгісімен (ақ реңдегі) белгіленген елді мекендерде қозғалыс кезінде.
3. 5.24 «Елді мекеннің басталуы» белгісімен (көк реңдегі) белгіленген елді мекендерде қозғалыс кезінде.



580. Елді мекенде қозғалыс кезінде ақ автокөлік жүргізушісі:

1. Белгіленген аялдамадан қозғалысты бастаған автобустың жол беруі тиіс.
2. Автобустың жүргізушісі қозғалуды орта жолаққа шығу арқылы бастағандықтан, басымдыққа ие.



581. Елді мекендерден тыс жерде белгіленген аялдамадан қозғалысты бастаған автобус жүргізушісі:

1. Басқа көлік құралдарының алдында басымдыққа ие.
2. Басқа көлік құралдарына жол беруге тиіс.

Сыртқы жарық беру аспаптарын және дыбыстық сигналдарды пайдалану

582. Елді мекендегі жарықтандырылған жол учаскелерінде тәуліктің қараңғы уақытында қозғалғанда қандай жарықтандыру құралдары қосылуы тиіс?

1. Тек габариттік оттар.
2. Габариттік оттар және жақын жарық фаралары.
3. Жақын немесе алыс жарық фаралары.

583. Қандай тоннельдерде қозғалып келе жатқан көлік құралындағы габариттік оттар мен алыс немесе жақын жарық фаралары қосылуы тиіс?

1. Тек жасанды жарықтандыру орнатылған.
2. Жасанды жарықтандыру орнатылмаған.
3. Барлық.

584. Тіркемелер мен тіркеп сүйретілген көлік құралдарындағы габариттік оттар қосылуы тиіс:

1. Тәуліктің қараңғы уақытында және жеткіліксіз көріну жағдайында.
2. Кез келген жағдайда.
3. Иілгіш тіркегішпен сүйреу кезінде.
4. Қатты тіркегішпен сүйреу кезінде.



ӘРТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

585. Қарама-қарсы келе жатқан көлік құралдарының алыс жарықты жақын жарыққа ауыстыру арақашықтығы кем дегенде:

1. 50 м қалғанда.
2. 100 м қалғанда.
3. 150 м қалғанда.
4. 200 м қалғанда.

586. Жолдың жарықтандырылмаған учаскелерінде тәуліктің қараңғы уақытында аялдаған және тоқтап тұрған кезде жүргізуші:

1. Габариттік оттарды қосуы тиіс.
2. Жақын жарықты қосуы тиіс.
3. Авариялық аялдау белгісін немесе жыпылықтайтын қызыл фонарь қоюы керек.
4. Авариялық жарық сигналын қосуы тиіс.

587. Тәуліктің жарық уақытында жақын жарық фаралары қандай жағдайда қосылған болуы тиіс?

1. Тек жеткіліксіз көріну жағдайында ғана.
2. Тек ұйымдасқан көлік легінде қозғалыс кезінде, сондай-ақ жеткіліксіз көріну жағдайларында ғана.
3. Өрқашан.

588. Автопойыз қозғалысы кезінде қандай жағдайларда «Автопойыз» таным белгісі қосылуы тиіс?

1. Барлық жағдайларда.
2. Түнгі уақытта.
3. Тәуліктің қараңғы уақытында және жеткіліксіз көріну жағдайында.

589. Елді мекеннен тыс жолдарда тәуліктің қараңғы уақытында қозғалғанда қандай жарық құралдары қосылуы тиіс?

1. Жақын немесе алыс жарық фаралары, не габариттік оттар.
2. Габариттік оттар және алыс немесе жақын жарық фаралары.
3. Жақын немесе алыс жарық фаралары.

590. Көлік жүргізушісі елді мекендердегі жолдардың жарықтандырылған учаскелерінде тәуліктің қараңғы уақытында қозғалған кезде жақын жарық фараларын қосуы тиіс пе?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Жолдың жарықтандырылуына байланысты.



591. Автокөлікпен тәуліктің жарық уақытында жасанды жарықтандыруы бар тоннельге кіргенде:

1. Габариттік оттар және алыс немесе жақын жарық фаралары қосылған болуы тиіс.
2. Габариттік оттары қосылған болуы тиіс.
3. Сыртқы жарықтандыру құрылғыларын қосу қажет емес.

592. Тәуліктің қараңғы уақытында қозғалғанда немесе жасанды жарықтандыруы бар жолдарда көрінуі жеткіліксіз жағдайларда тіркеп сүйрелетін көлік құралында қандай жарықтандыру аспаптары қосылуы тиіс?

1. Тек авариялық жарық сигналы.
2. Тек габариттік оттар.
3. Авариялық жарық сигналы және габариттік оттар.

593. Егер қарсы келе жатқан көлік құралының жүргізушісі фара жарығын жиі ауыстырып-қосып, алыс жарықты жақын жарыққа ауыстыру қажеттігін көрсетсе, жарық ауыстырылуы тиіс пе?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Иә, егер қарсы көлік құралына дейінгі қашықтық 150 м-ден кем болса.

594. Басып озатын автокөлік жүргізушісі алыс жарықты жақынға ауыстыруы керек пе?

1. Иә.
2. Жоқ.
3. Иә, артта қалатын автокөлік жүргізушісінің көзін қарықтырмау үшін.

595. Көз қарыққан кезде жүргізуші:

1. Оңға (жол жиегіне қарай) ығысып, тоқтауы қажет.
2. Авариялық сигналды қосу және қозғалыс жолағын өзгертпей тоқтауы керек.
3. Дыбыстық сигнал беріп, тоқтауы қажет.

596. Көлік құралының габариттік оттарында ақауы болған жағдайда жүргізуші не істеуі тиіс?

1. Барынша оңға ығысып, жол жиегіне тоқтау және ақауды жөндеу.
2. Жол шетіне тоқтау, егер бұл мүмкін болмаса, қауіп көбірек келуі мүмкін тұстан авариялық аялдау белгісін немесе жыпылықтайтын қызыл фонарь қою.



ӘРТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

3. Авариялық жарық сигналдарын қосып, аса сақтықпен қозғалысты жалғастыру.

597. Көрінуі жеткіліксіз жағдайларда тұманға қарсы фаралар пайдаланылуы мүмкін:

1. Тек жеке, фаралардың жақын немесе алыс жарықтарынсыз.
2. Тек фаралардың жақын немесе алыс жарығымен бірге.
3. Фаралардың жақын немесе алыс жарықтарынсыз және жақын немесе алыс жарығымен бірге.

598. Қараңғыда жарықтандырылмаған жол учаскелерінде тұманға қарсы фараларды пайдалануға болады:

1. Тек жеке, фаралардың жақын немесе алыс жарықтарынсыз.
2. Фаралардың жақын немесе алыс жарығымен бірге.
3. Фаралардың жақын немесе алыс жарықтарынсыз және жақын немесе алыс жарығымен бірге.

599. Сүйреп келе жатқан көлік құралына тәуліктің жарық уақытында тұманға қарсы фараларын пайдалануға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Жеткіліксіз көріну жағдайында фаралардың жақын жарығымен бірге рұқсат етілген.
4. Фаралардың жақын жарығының орнына рұқсат етілген.

600. Жеңіл автокөлік жүргізушісіне елді мекенде фара-прожекторды қолдануға рұқсат етіле ме?

1. Иә.
2. Жолдардың жарықтандырылмаған учаскелерінде ғана.
3. Жоқ.

601. Ұйымдасқан көлік легінде қозғалыс кезінде көлік құралдарында тәуліктің жарық уақытында қандай жарық құралдары қосылуы тиіс?

1. Габариттік оттар.
2. Фаралардың жақын жарығы (күндізгі жүріс шамдары) немесе тұманға қарсы фаралар.
3. Фаралардың жақын немесе алыс жарығы.



602. Негізгі қозғалыс ағынына қарсы арнайы бөлінген жолақпен тәуліктің жарық уақытында қозғалатын маршруттық көлік құралдарында қандай жарық құралдары қосылуы тиіс?

1. Габариттік оттар.
2. Фаралардың жақын жарығы (күндізгі жүріс шамдары) немесе тұманға қарсы фаралар.
3. Фаралардың жақын немесе алыс жарығы.

603. Балалар тобын тасымалдау кезінде тәуліктің жарық уақытында маршруттық емес автобустарда және жүк автокөліктерінде қандай жарық құралдары қосылуы тиіс?

1. Габариттік оттар.
2. Фаралардың жақын жарығы (күндізгі жүріс шамдары) немесе тұманға қарсы фаралар.
3. Фаралардың жақын немесе алыс жарығы.

604. Балалар тобын маршруттық емес автобустарда немесе жүк автокөліктерінде ұйымдасқан тасымалдау кезінде тәуліктің жарық уақытында фаралардың жақын жарығы қандай жағдайларда қосылуы тиіс?

1. Тек жеткіліксіз көріну жағдайында ғана.
2. Тек ұйымдасқан көлік легінде қозғалыс кезінде ғана.
3. Барлық жағдайларда.

605. Ірі көлемді немесе ауыр салмақты жүктерді тасымалдайтын көлік құралында тәуліктің жарық уақытында қандай жарық құралдары қосылуы тиіс?

1. Габариттік оттар.
2. Фаралардың жақын жарығы (күндізгі жүріс шамдары) немесе тұманға қарсы фаралар.
3. Фаралардың жақын немесе алыс жарығы.

606. Тәуліктің жарық уақытында сүйреп келе жатқан көлік құралында қандай жарық құралдары қосылуы тиіс?

1. Габариттік оттар.
2. Фаралардың жақын жарығы (күндізгі жүріс шамдары) немесе тұманға қарсы фаралар.
3. Авариялық жарық сигналы.



ӘРТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

607. Жедел және арнайы қызметтердің көлік құралдары жүргізушілеріне қандай жағдайларда фара-прожекторы мен іздеуіш-фараны қолдануға рұқсат етіледі?

1. Қарсы көлік құралдары болмаған кезде елді мекендерден тыс жерлерде.
2. Елді мекендерде қызметтік тапсырманы орындау кезінде.
3. Аталған екі жағдайда да.

608. Қандай жағдайларда тұманға қарсы артқы шамдарды қолдануға рұқсат етіледі?

1. Оларды тоқтау сигналдарымен бірге қосқан жағдайда.
2. Жеткіліксіз көріну жағдайында.
3. Тәуліктің қараңғы уақытында және жеткіліксіз көріну жағдайында.

609. Осы белгінің әрекет ету аймағында дыбыс сигналын қолдануға рұқсат етілген бе?

Ш А М А Л Ғ А Н
Ш А М А Л Ғ А Н

1. Иә.
2. Иә, тек басып озу туралы ескерту үшін.
3. Иә, бұл жол-көлік оқиғасын алдын алу үшін қажет болған кезде.
4. Жоқ.

610. Көрсетілген белгілердің қайсысының қолдану аймағында жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін ғана дыбыс сигналдарын беруге рұқсат етіледі?

Ш А М А Л Ғ А Н
Ш А М А Л Ғ А Н

А



В

Ұ З Ы Н А Ғ А Ш
У З Ы Н А Ғ А Ш

С

1. Тек А.
2. Тек В.
3. А және В.
4. А және С.



611. Осы белгінің әрекет ету аймағында басып озуды орындау кезінде жүргізушіге қандай ескерту сигналдарын қолдануға тыйым салынады?

**Ш А М А Л Ғ А Н
Ш А М А Л Ғ А Н**

1. Дыбыстық сигнал.
2. Бұрылу жарық көрсеткіші.
3. Қолмен белгі беру.
4. Фаралар жарығын қысқа уақытқа қосу және өшіру.

612. Елді мекендерде тәуліктің жарық уақытында басып озу туралы ескерту үшін қандай ескерту сигналдары берілуі мүмкін?

1. Дыбыстық сигналдар.
2. Фаралардың жарығын ауыстырып-қосу.
3. Фаралардың жарығын қысқа уақытта қосу және өшіру.
4. Аталған сигналдардың кез келгені.



ЖОЛАУШЫЛАР МЕН ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ

8-ТАҚЫРЫП. ЖОЛАУШЫЛАР МЕН ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ

Тапсырмалар негізделген оқу сұрақтары:

1. Механикалық көлік құралдарын сүйрету
2. Көлік құралын жүргізуді үйрену
3. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау
4. Велосипедтерді, мопедтерді, ат-арба көліктерін жүргізуге, сондай-ақ мал айдауға қойылатын қосымша талаптар

Тапсырмалардың мазмұны:

- тақырып бойынша алған білімдеріңді практикалық тұрғыдан бекітуге;
- көлік құралдарын сүйрету тәсілдерін білуге және қолдануға;
- автокөліктерде арнайы тежеу құрылғыларын қолдану қажеттілігін түсінуге;
- велосипедтер мен қуаты аз көліктердің қозғалыс ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Механикалық көлік құралдарын сүйрету

613. Иілгіш тіркегішпен сүйреу кезінде сүйрейтін және сүйрелетін көлік құралдарының арасындағы қашықтық:

1. 3–5 м.
2. 4–6 м.
3. 5–8 м.

614. Жартылай тиеу әдісімен сүйрету кезінде жолаушылар қайда болуы тиіс?

1. Сүйреуші автокөлік кабинасында.
2. Сүйрелетін автокөлік кабинасында.
3. Екі автокөліктің де кабиналарында.

615. Екі көлік құралын сүйреуге:

1. Егер тіркелген көлік құралдары пойызының жалпы ұзындығы 20 м-ден аспайтын болса, рұқсат етіледі.
2. Қатты тіркегіштің конструкциясы тік сызықты қозғалыс кезінде сүйрелетін көлік құралдарына сүйреуші көлік құралының траекториясы бойынша жүруін қамтамасыз ететін болса, рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.



616. Көлік құралының алдыңғы бөлігін асу жолымен сүйреуді жүзеге асыруға рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Тыйым салынған.
3. Тіркеп сүйрейтін көлік құралында арнайы тірек құрылғысы болса, рұқсат етіледі.

617. Таулы жерлерде иілгіш тіркегішпен көлік құралын сүйреуге рұқсат етілген бе?

1. Рұқсат етілген.
2. Рульдік басқару және тежегіш жүйесі жарамды жағдайда рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.

618. Теміржол өтпесінен өту кезінде көлік құралын иілгіш тіркегішпен сүйреуге рұқсат етіле ме?

1. Рұқсат етіледі.
2. Теміржол жол аралықтары бастығының рұқсатымен ғана рұқсат етіледі.
3. Тыйым салынған.

619. Қатты тіркегішпен сүйреу кезінде сүйрелетін көлік құралының кабинасында жүргізуші болуы керек пе?

1. Иә.
2. Жоқ.
